

Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу және мониторинг саласындағы жұмыстарды жүргізуге арналған уақыт және бағалау нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2011 жылғы 5 мамырдағы N 124 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 2 маусымда N 6990 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2018 жылғы 29 мамырдағы № 402 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 29.05.2018 № 402 (29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 20 бабының 31) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Гидрогеологиялық зерттеулерді (түсіру жұмыстары) және жер қойнауы мониторингі (жерасты сулары мониторингі) жүргізуге арналған уақыт нормалары;

2) Гидрогеологиялық жұмыстарды бағалаулар бекітілсін.

2. Геология және жер қойнауын пайдалану комитетіне (Б. Өжкенов):

1) гидрогеологиялық зерттеулер (түсіру жұмыстары) және жер қойнауы мониторингі (жерасты сулары мониторингі) жүргізу жұмыстарына арналған уақыт нормасын белгіленген тәртіппен, еңбек жөніндегі уәкілетті органмен келіссін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі А.П. Рауға жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары -

Қазақстан Республикасы Индустрия және

жаңа технологиялар министрі

Ә.Исекешев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
Г. Әбдіқалықова
2011 жылғы 06 мамыр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
–Қазақстан Республикасы Индустрия
және жаңа технологиялар министрінің
2011 жылғы 5 мамырдағы
№ 124 бұйрығымен
Бекітілді

Гидрогеологиялық зерттеулерді (түсіру жұмыстары) және жер қойнауы мониторингі (жерасты сулары мониторингі) жүргізуге арналған уақыт нормалары

1. Жалпы бөлім

1. Осы нормалар (бұдан әрі – уақыт нормалары) Қазақстан Республикасында мемлекеттік геологиялық жер қойнауларын зерттеу саласында гидрогеологиялық зерттеу (түсіру жұмыстары) және жер қойнауы мониторингі (жерасты сулары мониторингі) жұмыстарын орындайтын орындаушылардың еңбек шығындары мен уақыт мөлшерлерінен тұрады. Осы уақыт мөлшерлері мен еңбек шығындары бірлік және кешенді құндарды анықтауға арналған. Олар республикалық бюджеттің ақша амалдары есебінен орындалатын 1:200000 масштабындағы гидрогеологиялық таспаға түсіру және жер асты суларына мемлекеттік мониторинг жасау объектілерінде жұмыстардың сметалық құнын анықтау үшін пайдаланылады.

2. Мөлшерлегіш көрсеткіштерді жобалаған кезде келесі деректер және материалдар пайдаланылған:

геология және жер қойнауын пайдалану Комитеті үшін мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыстарды орындайтын түрлі ұйымдармен жүргізілген жер асты сулар мониторингін, гидрогеологиялық және инженерлі–геологиялық таспаға түсіру бойынша жұмыстарды жүргізгенде жеке операцияларды орындаудағы уақыт межелеу деректері;

сала ұйымдарының нақты деректері және статистикалық зерттеулері.

Уақыт мөлшерлері және еңбек шығындары келесі жұмыс түрлеріне жобаланған:

1) жер асты суларының мониторингі:

таудың бірлік қазбадан (бұрғылау төтелінен, құдықтан, шыңыраудан) су деңгейін өлшеу;

бақылау төтелдерінде тереңдікті өлшеу;

бір тау қазбасынан су температурасын өлшеу;

бір тау қазбасында су температурасын және су деңгейін бірге өлшеу;

ағып жатқан су немесе ағын сулардың температурасын өлшеу;

өздігінен ағып жатқан бұрғылау төтелінен атқылап жатқан су қысымын өлшеу;

ағын сулардағы су немесе ағып жатқан су шығынын өлшеу;

ағын сулардан (су қоймаларынан), дара бұрғылау төтелінен, құдықтан, шыңыраудан су сынамаларын немесе ағынды су сынамасын алу;

тәртіп бақылауларын инспекциялау;

зерттеу объектілер арасында жұмыстарды жасау кезінде орындаушылардың қоныс аударуы және көшулері;

құдықтарды, иесіз гидрогеологиялық төтелдерді және бұлақтарды тексеру;

2) бақылау нүктелерін топожалғау;

3) 1:200 000 масштабтағы гидрогеологиялық таспаға түсіру:

бағдарлы зерттеу жұмыстары (гидрогеологиялық, инженерлі–геологиялық және кешенді таспаға түсіру);

4) таудан өту жұмыстары, құжаттама және сынақтан өткізу (шыңыраулар);

5) тәжірибелік жұмыстары.

тәжірибелік жұмыстар (кәшейттеулер, құюлар);

6) жиынтық есеп берулерді құрастыру.

7) АКЖ ЖАСММ (ГЕОЛИНК) жүйесінде жер асты сулары мониторингі деректер банкіні өңдеу және қалыптастыру:

жер асты суларының мемлекеттік мониторинг (ЖАСММ) деректер банкіні жүргізу және қалыптастыру;

АКЖ ЖАСММ (ГЕОЛИНК) жүйесінің деректер қорын (ДҚ) пайдаланып ақпараттарды өңдеу.

8) жер асты суларының күйін және пайдалануын зерттеумен байланысты жұмыстар:

бұрғылау төтелдерінен жер асты суларының пайдаланылатын су қақпаларын тексеру (алғашқы және қайта).

3. Осы уақыт нормалары анағұрлым тиімді әдістемелерді, техниканы, технологияны және жұмыстарды ұйымдастыруды қолдану негізінде жобаланған және сәйкес жұмыс түрлерін жүргізу үшін қажетті өндірістік процестер кешенін ескереді.

Әр бөлім жалпы қағидалардан тұрады, оларда бөлімде орналастырылған жұмыс түрлерінің әр алуандылығына қатысты мәліметтер, жұмыс

орындалуының физикалық көрсеткішінің уақыт мөлшерлері (1 өлшем, 1 сынама, бағдардың 1 километрі (бұдан әрі - км) және жұмыстың физикалық көрсеткішіне лауазымы және мамандығы бойынша орындаушылардың еңбек шығындарының мөлшерлері көрсетілген.

Жұмысшылар және басшылар лауазымдары, мамандар және басқа да қызметкерлердің мамандықтарының атаулары, оларға тарифтік дәрежелер және санаттар Геология саласындағы мекемелерде жұмыс атқаратын қызметкерлердің лауазымдарына типтік біліктілік сипаттамасына және жұмыстар мен жұмысшылар мамандықтарының Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына сәйкес бекітіледі.

Мөлшерлемелер жұмыс орнында қызмет көрсету және демалу уақыты мен жеке қажеттіліктер бойынша уақыт есептемелерін ескеріп жобаланған.

4. Құжатта келтірілген сандық көрсеткіштердің мәндері (тереңдік, қашықтық), олар үшін "дейін" деп көрсетілген. Оларды қосымша қабылдаған жөн.

Уақыт нормаларында негізгі жұмыс түріне кететін шығындардан өзге онымен технологиялық байланыстағы жұмыстар шығындары ескерілген, оларды орындау жабдықтық ережелерге және әдістемелік нұсқауларға сәйкес міндетті болып табылады.

5. Алдын ала дайындау–қорытынды операцияларға келесілер қосылған:

нақты жұмысты орындауға тапсырма, материалдар, түрлі құжаттар, оның ішінде технологиялық құжаттарды беру және алу;

жұмыспен және технологиялық құжаттармен танысу, оның ішінде қажетті үзінділерді және көшірмелерді түсірулерді орындау;

жұмыс жүргізу реті және оның қауіпсіз өтуі туралы нұсқамалар;

жұмыс басында құралдарды қайрау және жөндеу;

құралды, түрлі құжаттарды және орындалған жұмысты қабылдау және тапсыру.

6. Жұмыс орнында қызмет көрсетуге байланысты операцияларға келесілер жатқызылған; жұмыс орны ширегінде еңбек жабдықтары мен құралдарының қажетті орын ауыстырулары; оларды қарап шығу (тексеру), тозған құралды және өзге де жабдықтарды ауыстыру; тапсырма орындау периодында өтпей қалған құралды қайрау; жұмысты орындап болғаннан кейін еңбек құралын майлау және ретке келтіру; жұмыс орынын тазалау.

7. Мазмұнда тізімделіп көрсетілмеген, бірақ оның ажырамас бөлігі болып табылатын жұмыс элементтері ерекше төлемге жатпайды.

8. Дала алқабы жұмыстары үшін оларды жүргізудің келесі шарттары қабылданған:

ашық жұмыс орнында ауа температурасы + 5⁰-тен + 30⁰ С–ге дейін;

жердің абсолюттік биіктігі 1500 м–ге дейін;
тау беттерінің тікжарлығы 35⁰–ке дейін;
құрғақ қатты топырақта жаяу жүргенде жүк салмағы 20 кг–ға дейін;
жел жылдамдығы 14 м/сек–ке дейін.

9. 8 тармақта ескерілген шарттардан өзге шарттарда жұмысты орындауда, уақыт мөлшерлеріне түзету коэффициенттері қолданылады, олардың ерекше шарттары мен мәндері уақыт нормаларының 1 қосымшасының 1 кестесінде келтірілген.

10. Уақыт мөлшерін есептеуде дала алқабында жұмысты өткізу үшін 40 сағаттық алты күндік жұмыс аптасы қабылданған. 36–сағаттық алты күндік жұмыс аптасына уақыт мөлшерін қайта есептеген жағдайда, абсолют биіктігі 2300 метрден асатын таулы аймақтарда жұмыс жасағанда уақыт мөлшерлері кестеде келтірілген, 1,14 коэффициентіне көбейтіледі.

Камералды жұмыстарды жүргізуге уақыт мөлшерлерін есептегенде (соның ішінде ЖАСММ ДБ жүргізу және қалыптастыру бойынша) 40 сағаттық бес күндік жұмыс аптасы қабылданған.

11. ИТҚ еңбектерінің шығындарында гидрогеологиялық партиялардың басшылары ескерілген.

12. Мөлшерлермен орындаушылардың орын ауыстырулары тек жұмыс орны ширегінде ғана ескерілген. Орындаушылардың бір жұмыс орнынан келесісіне орын ауысуы, жалпы сипаттағы дала алқабындағы жұмыстарды жүргізген кезде жұмыс орнына келу немесе көлікпен келу және жұмысты орындап болғаннан кейін шоғырлану орнына қайтумен байланысты қозғалулар жеке мөлшерленеді.

13. Жұмыстарды орындаудың өзге жағдайларында (12 т. көрсетілгендерден ерекшелер) шығындар сметалық қаражат есебін құрастыру жолымен есептелу керек (бұдан әрі – СҚЕ).

14. Еңбек мөлшерлерін бекіткенде мөлшер түзетін факторлар ескерілген, олар нақты жұмыстың орындалу уақытын және оның еңбек сыйымдылығын анықтайды. Бұл факторлар уақыт нормаларының 1 қосымшасының №№ 1 - 7 кестелерінде топтастырылған, осылар арқылы жұмыстың орындалу күрделілігінің дәрежесі анықталады, немесе мөлшерлі кестелерде нақты сандық мәндер түрінде көрсетіледі.

Жұмыс көлемдері, оларды жүргізу жағдайлары, өту дәрежесі, гидрогеологиялық құрылым күрделілігі және өзге де факторлар жобаның геолого-әдістемелік бөлігімен дәлелденеді.

2. Жұмысты ұйымдастыру

15. Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 70 қаулысымен 2010 жылдың 4 ақпанында 2010 – 2014 жж. бекітілген уақыт нормалары Қазақстан Республикасының Энергетика және минералды ресурстар Министрлігінің Стратегиялық жоспарын; Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1530 қаулысымен 2010 жылдың 31 желтоқсанында бекітілген 2010 – 2014 жж. елдің минералды – шикізат кешенінің қор базасын дамыту бағдарламасын жүзеге асыру ширегінде құрастырылды.

16. Еңбек мөлшерлерінің сандық мәндері келесілерді сипаттайтын жағдайлар үшін бекітілген:

жөнделген еңбек амалдарымен жұмысты орындау;

жұмыстың мазмұнына, қызмет көрсету жабдықтарға және мәшинелерге, техникалық қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелеріне сәйкес сан жағынан және мамандық жағынан жинақталған ұжымдармен жұмысты орындау;

жұмыс және олардың жағдайларын орындау түрлері үшін дұрыс еңбекті ұйымдастыру және өнеркәсіп, сонымен қатар технология үлгіпіндері болып табылады.

17. Гидрогеологиялық, инженерлі–геологиялық таспаға түсіруді, гидрогеологиялық одан ары зерттеуді орындайтын негізгі өндірістік бірлік – гидрогеологиялық таспаға түсіру партия (отряд) болып табылады.

Гидрогеологиялық таспаға түсіруді өткізуде партия басшысы басқарады (яғни , мөлшерлемеде оның барлық үлестік қатысулары ескеріледі):

бағдарламаны құрастыру;

ұйымдастырушылық – алдын ала дайындау жұмыстары;

дала және барлық серіктес жұмыстар: бұрғылау, тәжірибелік, есептілікті құрастыру және гидрогеологиялық карта парақтарын және оған түсіндірме қағазын басып шығаруға дайындау.

Партия басшысы лауазымына анағұрлым тәжірибелі гидрогеолог–маман тағайындалады.

Жұмыс көлеміне және сипатына тәуелді таспаға түсіру партиясының құрамында арнайы отрядтар ұйымдастырылуы мүмкін: бұрғылау, тәжірибе жұмыстары.

Жұмыстың негізгі орындаушылары гидрогеологтар, техник–гидрогеологтар, тау шебері, бұрғылау қондырғысының машина жүргізушісі, жұмысшылар, жүргізушілер болып табылады. Әрі қарай әр нақты жұмыс түрлері бойынша мөлшерлемелерде орындаушылардың құрамы келтірілген.

18. Осы жинақтың мөлшерлері ең тиімді әдістемелер, техникалар, технологиялар, жұмысты ұйымдастыруларды пайдалану арқылы жобаланған және сәйкес жұмыс түрлерін өткізу үшін қажетті өндірістік процестер кешені ескерілген.

Еңбек затына (термометр, аунақша – тарсылдақ) қызметкермен әсер ету қосымша энергия көзісіз жүзеге асырылатын себебінен, жер асты сулар мониторингі және гидрогеологиялық таспаға түсіруде көптеген операцияларды орындау өндірісі бойынша еңбек процестері қолмен жасалатын болып табылады.

Мөлшерлемелер қалыпты ұйымдастырылған – техникалық жағдайларда жұмыстарды орындау үшін жобаланған:

таспаға түсіру жұмыстары үшін – жұмыстың мезгілдік сипаты, біркезенділік; тәжірибе жұмыстары үшін – толық жыл бойында болатын жұмыстар сипаты, үшкезенділік;

МЖАСМ бойынша жұмыстар үшін - толық жыл бойында болатын жұмыстар сипаты; біркезенділік;

су деңгейін және температурасын өлшеу кезінде және 100 м–ге дейінгі тереңдіктегі бұрғылау төтелдерінен су сынамаларын алу кезінде көтеріп–түсіру операциялары қолмен, аунақша – тарсылдақ және сынап термометр амалдары арқылы орындалады, ал 100 м тереңдіктен асатын бұрғылау төтелдерінен – 1,5 - 2,0 м биіктіктегі ұшаяқтыға орнатылатын жаға және блок арқылы су сынамалары алынады;

су сынамаларын алу және су температурасын өлшеу бойынша біріккен жұмыстарды ағын суларда орындағанда сынапты термометр пайдаланылады: жылжымалы өлшеуіш ыдыстар пайдаланылады, су шығынын өлшеу бойынша жұмыстарда өлшеуіш ыдыстар, су өлшеуіш рейка, су ағызғыш рамка пайдаланылады;

"Малыш" түріндегі электросорғыштарға батырылған эрлифті қондырғылармен су кәшайттауда тәжірибелерді алдын ала дайындауда және таратуда көтеріп–түсіру операциялары өздігінен жүретін лебедкалар немесе жылжымалы бұрғылау қондырғылары, не болмаса осындай мақсаттар үшін арнайы жабдықталған мәшинелерге қондырылған лебедка көмегімен жүзеге асырылады;

топожұмыстарды жүргізгенде бағыттау құралы GPS пайдаланылады.

Орындаушылардың еңбек және демалыс тәртібі Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 6, 7, 8 тарауларымен реттеледі.

3. Жер асты суларының мониторингінде бекетті стационарлық бақылау жұмыстарын жүргізгенде уақыт мөлшерлері және еңбек шығындары 1–параграф. Таудың бірлік кен алынған кеңістікте су деңгейін өлшеу (бұрғылау ұңғымасында, құдықта, ұңғымада)

19. Жұмыс шарттары:

таудың бірлік кен алынған кеңістігінде су деңгейі Р-100 түрлі өлшемтаспа – тарсылдақпен өлшенеді;

су деңгейін өлшеу тереңдігі 1–ден 150 м–ге дейінгі жерде жүргізіледі, таудың бірлік кен алынған кеңістікте су деңгейін өлшеу кезіндегі түсіріп көтеру операциялары оның жатыс тереңдігі 100 м–ге дейін болса қолмен арқандағы өлшемтаспа – аунақша арқылы, ал 100 м–ден асатын тереңдікте қақпа және кенбөлік арқылы орындалады, олар 1,5 - 2,0 м биіктігіндегі үш аяқтыға орнатылу арқылы орындалады;

су деңгейін өлшеу таудың кен алынған кеңістігінің ашық сағасында немесе төтелдердің аузын ашу және жабуды (қысқыш бұрандалы металдан жасалған қақпақты шешу) есепке ала отырып жүзеге асырылады.

20. Жұмыс мазмұны:

базада алдын ала дайындау және қорытынды операциялары, жұмыс орнында қызмет көрсетуге байланысты (өлшеу құралдарын тексеру, жұмыс орнын тазалау) операциялары;

жұмыс орны шегінде жабдықтардың орын ауыстыруы, таудың кен алынған кеңістігінің аузын ашу және жабу, ұңғыманың бақылау биркасын алып және орнату, биіктігі 1,50 м болатын үш аяқтыны орнату және бөлшектеу;

қақпа және кенбөлікті орнату және шешу; өлшеу жабдығын тапсырылған тереңдікте бұрғылау төтеліне арқанмен немесе сыммен түсіру және оны қайта көтеріп алу;

есептілікті үш рет алу және бақылау биркасына және дала журналына есептілікті жазу.

21. Таудың кен алынған кеңістігінде су деңгейін өлшеу жұмыстары техник–гидрогеологпен орындалады. Төтел тереңдігі 101 метрден асқан жағдайда жұмысшы қосылады, оның қызметіне ұшаяқтыны, блокты және қақпаны орнату және бөлшектеу кіреді.

22. Орындаушылардың еңбек шығындары (адам - кезеңде) сан жағынан осы жұмысты орындауға кететін уақыт мөлшеріне тең және уақыт нормаларының 2 қосымшасының 8 кестесінде келтірілген.

2–параграф. Таудың бірлік кен алынған кеңістігінің тереңдігін өлшеу (бұрғылау ұңғымасында, құдықта, ұңғымада)

23. Жұмыс шарттары:

таудың бірлік кен алынған кеңістігінің тереңдігі тарсылдақпен өлшенеді;

тереңдікті өлшеу 1–ден > 150 м–ге дейінгі жерде жүргізіледі, таудың бірлік кен алынған кеңістігінің тереңдігін өлшеу кезіндегі түсіріп көтеру операциялары оның жатыс тереңдігі 100 м–ге дейін болса қолмен арқандағы өлшемтаспа –

аунақша арқылы, ал 100 м–ден асатын тереңдікте қақпа және кенбөлік арқылы орындалады, олар 1,5 - 2,0 м биіктігіндегі ұшаяқтыға орнатылу арқылы орындалады;

тереңдікті өлшеу таудың кен алынған кеңістігінің ашық сағасында немесе төтелдің аузын ашу және жабуды (қысқыш бұрандалы металдан жасалған қақпақты шешу) есепке ала отырып жүзеге асырылады.

24. Жұмыс мазмұны:

базада алдын ала дайындау және қорытынды операциялары, жұмыс орнында қызмет көрсетуге байланысты (өлшеу құралдарын тексеру, жұмыс орнын тазалау) операциялары;

жұмыс орыны шегінде жабдықтардың орын ауыстыруы, таудың кен алынған кеңістігінің аузын ашу және жабу, төтелде бақылау биркасын алу және орнату, биіктігі 1,50 м болатын ұшаяқтыны орнату және бөлшектеу, қақпа және кенбөлікті орнату және шешу;

өлшеу жабдығын тапсырылған тереңдікте бұрғылау ұңғымасына арқанмен немесе сыммен түсіру және оны қайта көтеріп алу; есептілікті үш рет алу және бақылау биркасына және дала журналына есептілікті жазу.

25. Таудың кен алынған кеңістігінде тереңдікті өлшеу жұмыстары техник–гидрогеологпен орындалады. Төтел тереңдігі 101 метрден асқан жағдайда жұмысшы қосылады, оның қызметіне ұшаяқтыны, блокты және қақпаны орнату және бөлшектеу кіреді.

Орындаушылардың еңбек шығындары (адам - кезеңде) сан жағынан осы жұмысты орындауға кететін уақыт мөлшеріне тең және уақыт нормаларының 3 қосымшасының 9 кестесінде келтірілген.

3–параграф. Таудың бірлік кен алынған кеңістігінің су температурасын өлшеу

26. Жұмыс шарттары:

таудың бірлік кен алынған кеңістігінде су температурасы металдан жасалған қаптамада немесе металдан жасалған гильзаға қондырылған сынапты термометрлермен өлшенеді;

су температурасын өлшеу 1–ден 150 м–ге дейінгі аралықта жүргізіледі;

таудың бірлік кен алынған кеңістікте су температурасын өлшеу кезіндегі түсіріп көтеру операциялары оның жатыс тереңдігі 100 м–ге дейін болса қолмен арқандағы өлшемтаспа – аунақша арқылы, ал 100 м–ден асатын тереңдікте қақпа және кенбөлік арқылы орындалады, олар 1,5 - 2,0 м биіктігіндегі ұшаяқтыға орнатылу арқылы орындалады;

су температурасын өлшеу таудың кен алынған кеңістігінің ашық сағасында немесе төтелдің аузын ашу және жабуды (қысқыш бұрандалы металдан жасалған қақпақты шешу) есепке ала отырып жүзеге асырылады.

27. Жұмыс мазмұны:

жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты (өлшеу құралдарын тексеру, жұмыс орнын тазалау) операциялар; таудың кен алынған кеңістігінің аузын ашу және жабу, биіктігі 1,5 - 2,0 м болатын ұшаяқтыны орнату және бөлшектеу;

қақпа және кенбөлікті орнату және шешу;

жұмыс орны шегінде жабдықтардың және өзге заттардың орын ауыстыруы;

төтелде бақылау биркасын алып тастау және орнату; өлшеу жабдығын тапсырылған тереңдікте бұрғылау ұңғымасына арқанмен немесе сыммен түсіру және оны қайта көтеріп алу;

нақты өлшеу тәртібіне термометрді жеткізу; есептілікті алу және бақылау биркасына және дала журналына есептілікті жазу.

28. Таудың кен алынған кеңістігінде су температурасын өлшеу жұмыстары техник–гидрогеологпен орындалады. Төтел тереңдігі 101 метрден асқан жағдайда жұмысшы қосылады, оның қызметіне үш аяқтыны, блокты және қақпаны орнату және бөлшектеу кіреді.

29. Орындаушылардың еңбек шығындары (адам - кезеңде) сан жағынан осы жұмысты орындауға кететін уақыт мөлшеріне тең және уақыт нормаларының 4 қосымшасының 10 кестесінде келтірілген.

4–параграф. Таудың бірлік кен алынған кеңістігінің су температурасын және деңгейін бірге өлшеу

30. Жұмыс шарттары: судың деңгейін немесе температурасын өлшеумен бірдей.

31. Жұмыс мазмұны:

жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты (өлшеу құралдарын тексеру, жұмыс орнын тазалау) операциялары;

таудың кен алынған кеңістігінің аузын ашу және жабу;

төтелде бақылау биркасын алу және орнату; биіктігі 1,5-2,0 м болатын үш аяқтыны орнату және бөлшектеу;

қақпа және кенбөлікті орнату және шешу;

жұмыс орны шегінде жабдықтардың және өзге заттардың орын ауыстыруы;

өлшеу жабдығын (тарсылдақ және термометр) тапсырылған тереңдікте бұрғылау ұңғымасына арқанмен немесе сыммен түсіру және оны қайта көтеріп алу (нақты өлшеу тәртібіне термометрді жеткізу);

үш рет алу (деңгейді) және бақылау биркасына және дала журналына есептілікті жазу.

32. Таудың кен алынған кеңістігінде су температурасын және деңгейін біріктіріп өлшеу жұмыстары техник–гидрогеологпен орындалады. Төтел тереңдігі 101 метрден асқан жағдайда жұмысшы қосылады, оның қызметіне үш аяқтыны, блокты және қақпаны орнату және бөлшектеу кіреді.

33. Орындаушылардың еңбек шығындары (адам - кезеңде) сан жағынан осы жұмысты орындауға кететін уақыт мөлшеріне тең және уақыт нормаларының 5 қосымшасының 11 кестесінде келтірілген.

5–параграф. Ағып жатқан судың немесе ағын судың температурасын өлшеу

34. Жұмыс шарттары: су температурасын өлшеу металдан жасалған қаптамада немесе металдан жасалған гильзаға қондырылған сынапты термометрлермен жүзеге асырылады.

35. Жұмыс мазмұны:

базада алдын ала дайындау және қорытынды операциялар, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты (өлшеу құралдарын тексеру, жұмыс орнын тазалау) операциялары;

ағын суға жақындау, 0,5 м болатын су тереңдігіне термометрді батыру және нақты өлшеу тәртібіне термометрді жеткізу, есептіліктерді алу және дала журналына жазу.

36. Еңбек мөлшері бекітілген өлшегішпен – 1 өлшеу қабылданған.

37. Ағып жатқан судың немесе ағын (су қоймаларындағы) судың температурасын бір рет өлшеудің уақыт мөлшері - 0,108 кезең деп қабылданған.

38. Жұмысты негізгі орындаушының - техник–гидрогеологтың еңбек шығындары (адам - кезеңде) осы жұмысты орындауға кететін уақыт мөлшеріне тең.

6–параграф. Манометрдегі қысым бойынша өздігінен ағып жатқан бұрғылау ұңғымасынан атқылап жатқан судың қысымын өлшеу

39. Жұмыс шарттары: бұрғылау ұңғымасынан атқылап жатқан судың қысымын өлшеу манометр көмегімен жүзеге асырылады.

40. Жұмыс мазмұны:

базада алдын ала дайындау және қорытынды операциялар (манометрді ретке келтіру);

жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар;

төтелге жақындау; күзет құрылғысын ашу және жабу; жұмыс орны шегінде жабдықтың орын ауыстыру; манометр бойынша есептілікті алу және жазып алу;

штуцер арқылы суды төгу; манометр бойынша есептілікті алу және жазып алу;

өрнек бойынша су қысымының мәнін анықтау; дала журналына жазу.

41. Еңбек мөлшері бекітілген осы жұмысты өлшегішпен – 1 өлшеу қабылданған.

42. Бұрғылау ұңғымасынан атқылап жатқан судың қысымын манометрде қысым бойынша бір рет өлшеудің уақыт мөлшері – 0,051 кезең деп қабылданған.

43. Жұмыстың негізгі орындаушысы - техник–гидрогеологтың еңбек шығындары (адам - кезеңде) осы жұмысты орындауға кететін уақыт мөлшеріне тең.

7–параграф. Ағып жатқан судың немесе ағын судың шығынын өлшеу

44. Жұмыс шарттары:

төтелден ағып жатқан су шығынын өлшеу көлемдік әдіспен тасымалданатын өлшеуіш сауыт көмегімен орындалады;

ағын суларда – гидрометрикалық батпаған су жіберу бойынша, оның жұқа тік қабырғасы бар және тасымалданатын су жібергіш шеңбер көмегімен орындалады

45. Жұмыс мазмұны: пайдаланылатын жабдықтар мен аспаптарға тәуелсіз:

жұмыс орнында қызмет көрсетуге байланысты базада алдын ала дайындау және қорытынды операциялары;

өлшеу жабдықтарын тексеру; жұмыс орындау кезінде жұмыс орны шегінде жабдықтардың және өзге заттардың орын ауыстыруы;

су көзіне жақындау; өрнек бойынша су шығынын анықтау; дала құжаттарын толтыру.

46. Жұмыс мазмұнына пайдаланылған жабдықтар мен аспаптарға тәуелді қосымша келесілер қосылады:

1) өлшеу сауытымен су шығынын өлшегенде: су ағымына өлшеу сауытын үш рет орнату;

сауытты төбесіне дейін немесе сауыттың қабырғасындағы белгіге дейін үш рет толтыру;

секундомер бойынша есептілікті үш рет алу және есептіліктерді жазу; сауытты судан үш рет босату;

2) гидрометрикалық су жіберу бойынша су шығынын өлшегенде:

балшықтан және сорғыштардан су жіберуді және арналарды тазарту; су тоғын оның тұрақты дебитіне және мөлдірлігіне дейін өлшеу, су өлшегіш рейка бойынша есептілікті үш рет алу және есептіліктерді жазу;

3) тасымалданатын шеңбер көмегімен су шығынын өлшегенде:
жылға арнасына шеңберді басу жолымен орнату;
шеңбер шеттері мен жағалауға дейін жылға опырылуы;
шәкілдер бойынша есептілікті үш рет алу және есептіліктерді жазу; арнадан шеңберді шешіп алу.

47. Ағып жатқан су немесе ағын суларда су шығынын өлшеу техник–гидрогеологпен орындалады.

48. Ағып жатқан су немесе ағын суларда су шығынын өлшеудің уақыт нормаларының 6 қосымшасының 12 кестесінде келтірілген.

49. Жұмысты негізгі орындаушылардың - техник–гидрогеологтың және 3 разрядтағы жұмысшының еңбек шығындары (адам - кезеңде) осы жұмысты орындауға кететін уақыт мөлшеріне тең.

8–параграф. Ағын сулардан (су қоймаларынан) немесе ағып жатқан сарқырама сулардан су сынамаларын алу

50. Жұмыс шарттары:
ағын сулардан (су қоймаларынан) алынатын судың сынамасы, сонымен қатар ағып жатқан сарқырама сулардан алынатын судың сынамасы сыйымдылығы 0,5 литр құрайтын бөтелкелердің көмегімен алынады.

51. Жұмыс мазмұны:
базада алдын ала дайындау және қорытынды операциялар: бөтелкелерді, тығындарды жуу, бәдірлерді дайындау;
жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар: ағын суға жақындау;
жұмыс орыны шегінде жабдықтардың орнын ауыстыру, алынатын сумен бөтелкелерді және тығындарды үш қайтара шайқау; бөтелкелерді сумен толтыру; тығынмен бөтелкелерді бекіту оларды парафинмен құйып тастау; этикеткаларды толтыру (екі данада) және оларды бөтелкелерге жабыстыру;
жәшікке бөтелкелерді қораптау; сынамалардың тізімделуін (тізімдеме) толтыру және оларды сынамалары бар жәшікке салу.

52. Еңбек мөлшері бекітілген өлшегішпен – 1 сынама қабылданған (сыйымдылығы 1 литр).

53. Ағып жатқан су немесе ағын суларда су сынамаларын алудың уақыт нормаларының 7 қосымшасының 13 кестесінде келтірілген.

54. Ағып жатқан су немесе ағын суларда (су қоймаларынан) су сынамаларын алу жұмысы, жұмыс орнында қызмет көрсетуге байланысты операцияларға байланысты гидрогеологтің үлесті қатысуымен техник–гидрогеологпен және 3 разрядтағы жұмысшымен орындалады.

55. Жұмысты негізгі орындаушылардың - техник–гидрогеологтың және 3 разрядтағы жұмысшының еңбек шығындары (адам - кезеңде) сан жағынан осы жұмысты орындауға кететін уақыт мөлшеріне тең (13 кесте). Гидрогеологтың еңбек шығыны өлшеуішке 0,008 кезең құрайды.

9–параграф. Тәртіпті бақылауларды инспекциялау

56. Жұмыс шарттары:

бақылаушылардың жұмысын және бақылау желілерінің күйін тексергенде инспектордың тапсырмасына жер асты суларының деңгейін, температурасын, қысымын және дебитін өлшеуден басқа 37, 42 тт., №№ 8 - 12 Кестелер бойынша анықталатын уақыт шығындарын анықтау кіреді;

сонымен бірге:

бақылаушы жұмысының беріктігін тексеру, өлшеу құралдарының және аспаптарының күйлерін тексеру, бақылау желісінің техникалық күйіне баға беру, қоршаған ортаның өзгеруін бақылау және есепке алу және жаңадан пайда болған факторларды (көбіне антропогенді) айқындау, олар жер асты суларының тәртібін анықтайды;

өлшеу және тексеру жұмыстарын тіркеу алдын ала дайындалған журналдарда жүргізіледі.

57. Жұмыс мазмұны:

ұңғыманың су температурасын, деңгейін, ұңғыма тереңдігін (бұл жұмыстарға уақыт шығындары уақыт нормаларының 2-5 қосымшасының №№ 8-11 кестелерінің мөлшерлері бойынша анықталады) бақылау өлшеу;

бақылаудың дұрыстығын және өз уақытына сай жасалғанын және бақылау биркасында орындаушы жазбаларын тексеру, бақылау өлшемдерімен салыстыру;

жабдықтарды қарап шығу және ретке келтіру және оларға жөндеу жұмыстары қажеттілігін анықтау;

бақылаушы өлшемтаспасын түзетуге, термометр жұмысының күйін тексеру;

бақылаушының дала кітапшасындағы жазбаларымен бақылау өлшемдерін салыстыру;

ұңғымадан немесе ұңғымалар тобынан 1-2 км радиус қашықтығындағы жерлерді қарап шығу;

инспекциялау нәтижелеріне сәйкес бақылау журналына жазу, онда бақылаушы жұмысының кемшіліктерін және оларды жою іс-шараларын көрсету.

58. Инспектормен келесі жұмыстар орындалады:

1) ұңғымаға жақындау, қақпақты ашу, бақылау биркасын шешіп алу, ұңғыманың деңгейін, температурасын және тереңдігін өлшеу, ұңғымаға бақылау биркасын орнату, қақпақты жабу, ұңғымадан алшақтау;

2) тәртіптік бақылауды инспекциялау бойынша жұмыс түрлері 14 кестенің 1-7 жолдарына сәйкес.

Жұмыс көлемін анықтағанда бақылау ұңғымаларының арасындағы ара қашықтығы мен сан мөлшерін, топтастырғанда олардың орналасуын және инспекторлық бекетінде 2 км қашық орналасқан ұңғыманың (ұңғымалар тобының) болуын ескерген жөн, осындай төтелдерге уақыт шығыны қосымша ескеріледі. Жобаның әдістемелік бөлігінде ұңғыма тобының нақты дәлел санын, жер айналасын қарап шығу керек.

59. 58 тармақтың 1 тармақшасы бойынша жұмыстарды орындау мөлшерлері 2-5 қосымшаның 8-11 кестелерімен есепке алынған; 2 тармақтың 58 тармақшасы бойынша жұмыстарды орындаудың уақыт мөлшерлері 8 қосымшаның 14 кестесінде келтірілген.

60. Бекеттерде бақылау тәртібін инспекциялау бойынша жұмыстар отряд басшысы немесе жетекші гидрогеологпен орындалады.

61. Жұмысты орындаушының – отряд басшысының (жетекші гидрогеолог) еңбек шығындары (адам - кезеңде) жұмысты орындаудың уақыт мөлшеріне тең, көлік шығындары – 1 кезеңге 1 мәшине - кезең.

10–параграф. Объектілерді зерттеу жұмыстарында орындаушылардың қозғалысы және өтулері

62. Жұмыс шарттары:

жұмыстарды жүргізу кезінде участка бойынша және объектілерді зерттеуде орындаушылардың қозғалысы жол үстінде де, жолсыздықта да, жаяу және автокөлікпен де жылдың кез келген мезгілінде жүзеге асырылады.

63. Жұмыс мазмұны:

1) жаяу:

алдын ала дайындау – аяқтау операциялары: жұмысты өндіру үшін қажетті аспаптар мен құралдарды іріктеу, орындаушылардың тың бойынша жаяу жүрісінің құралдар, аспаптар және өзге де қажетті заттарды артудың жалпы салмағы 20 кг артық болмау керек;

2) автокөлікпен:

алдын ала дайындау – аяқтау операциялары: жұмысты өндіру үшін қажетті аспаптар мен құралдарды іріктеу, көлік амалына қызмет көрсетумен байланысты операциялар, орындаушылардың жол бойымен немесе жолы жоқ жермен қажетті

жүкті автокөлік амалымен тасымалдап көшу, жүк салмағы автокөліктің жүк көтергіштігімен тасымалданатын жүктердің салмағын есептей отырып шектеледі

64. Зерттеу объектілердің арасында орындаушылардың көлік амалымен (қозғалыс жолының 1 км) немесе жаяу (қозғалыс жолының 1 км) орын ауыстыруының уақыт мөлшері 9 қосымшаның 15 кестесінде келтірілген.

65. Орындаушылардың еңбек шығындары жұмыстардың жекелеген түрлерінде отряд құрамымен шектеледі.

11–параграф. Құдықтарды, иесіз гидрогеологиялық ұңғымаларды және бұлақтарды тексеріп қарау

66. Жұмыс шарттары:

таспаға түсіру жұмыстарының барысында (бағыт бойынша қозғалып отыру) түсіру бетінің аумағында құдықтар кездеседі, оларды су сапасы бойынша жарамдылығын анықтау үшін тексеріп қарау керек;

республика аумағында түрлі уақыт кезеңдерінде әр түрлі мақсаттар үшін гидрогеологиялық ұңғымалардың біршама маңызды саны бұрғыланған. Қазіргі уақыт кезеңінде осы ұңғымалардың көптеген бөлігі тағайындалуы бойынша пайдаланылмайды, көп жағдайда жарамсыз және жойылуға тиістілер қатарына жатады. Олар бұрғыланған гидрогеологиялық жағдайларға тәуелді иесіз ұңғымалар өздігінен ағатын және ақпайтын болып жіктеледі. Осыған тәуелді оларды қарап шығу жағдайы және уақыт шығындары әр түрлі болады. Жұмыс басталар алдында алдын ала аэро және космо суреттерді дешифрлау жүргізіледі, ол ұңғыманың болжамды орналасуын анықтау үшін жасалады. Дешифрлауға және ұңғымаға жетуге кететін уақыт шығындары бөлек есептеледі. Осы бөлімде тек тексеріп қарауға кететін уақыт шығындары ғана келтіріледі.

67. Жұмыс мазмұны:

1) құдықтар:

алдын ала дайындау – аяқтау операциялар, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар, объектіні географиялық, геоморфологиялық зерттеу және биіктіктен "байлау", зерттеу объектісін жалпы қарап шығу;

құдықтағы су температурасын, тереңдігін және ауаны өлшеу;

су сынамаларын алу және оларды этикеткалау, жәшікке су сынамаларын қораптау;

бағыт бойынша орындаушы топтарының (отрядтың) зерттеу объектілерінің арасында бақылаулары және бақылау деректерін дала күнделігіне, карталарға немесе аэрофото суреттерде белгілеп қозғалуы;

материалдарды далада жүйелі түрде өңдеп отыру.

2) өздігінен ақпайтын (гидрогеологиялық) ұңғымалар:

базада алдын ала дайындау – аяқтау операциялар, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар, ұңғымаға жақындау, құралды қосу, GPS жолсерікті жүйесімен байланыс орнатылуын күту, дисплейден координаттарды түсіріп алу, құралды өшіру, төтел ауызын көзбен қарап шығу (өлшемін түсіру), кигізілген төтелдің диаметрін, қабырға қалыңдығын өлшеу;

бұрғылау жылын анықтау үшін жергілікті мекеме және тұрғындарға сұрау салу;

төтелдегі су деңгейін өлшеу;

координаттарды және қалған деректерді дала журналына енгізу, төтелдің орналасу орнының сурет салу, картаға енгізу.

3) өздігінен ағатын (гидрогеологиялық) төтелдер:

өздігінен ағатын төтелдерді тексеріп қарау бойынша жұмыстардың құрамы алдыңғысына ұқсас, мұнда тек су деңгейін өлшеу болмайды. Оның орнына өлшеу әдісі бойынша су дебитінің өлшемдері және су сынамаларын алу жүргізіледі.

4) бұрақтар:

алдын ала дайындау – аяқтау операциялар, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар;

зерттеу объектісін географиялық, геоморфологиялық зерттеу және биіктіктен "байлау", бұлақтың орналасу орнын жалпы қарап шығу;

бұлақтан су шығынының анықтау үшін сутартпа жыра құрылғысы немесе бұлақ шығысының орнын тазалау;

бұлақтан шығатын судың шығынын, бұлақтағы су температурасын және ауаны үш қайтара өлшеу;

су сынамаларын және геологиялық үлгілерін алу және оларды этикеткалау, су сынамаларын жәшікке қораптау;

бағыт бойынша орындаушы топтарының (отрядтың) зерттеу объектілерінің арасында бақылаулары және бақылау деректерін дала күнделігіне, карталарға немесе аэрофото суреттерде белгілеп қозғалуы;

материалдарды далада жүйелі түрде өңдеп отыру.

68. Қарап шығуға кететін уақыт мөлшерлері уақыт нормаларының 10 қосымшасының 16 кестесінде келтірілген.

69. Жұмысты орындаушылардың – жетекші гидрогеологтың, техник–гидрогеологтың және 3 разрядтағы жұмысшының еңбек шығындары (адам - кезеңде) сан жағынан жұмысты орындау уақытының мөлшеріне тең, көлік шығындары жұмыстың 1 бр/кезеңіне – 1 мәш/кезең.

70. Партия (отряд) басшысының уақыт шығындары 1 тексеріп қарауға 0,2 кезеңді құрайды.

12–параграф. Бақылау нүктелерін байланыстырғандағы топожұмыстарды жүргізу

71. Жұмыс шарттары:

су жолын ашатын GPS құралымен бақылау нүктелерін байланыстыру және жоба орналасуын нәрсеге аудару.

72. Жұмыс мазмұны:

базада алдын ала дайындау – аяқтау операциялары, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар, бақылау нүктесіне жақындау, құралды қосу, GPS жолсерікті жүйесімен байланыс орнатылуын күту, дисплейден координаттарды түсіріп алу, құралды өшіру; координаттарды дала журналына енгізу, бақылау нүктесінің орналасу орнының суретін салу.

73. Бақылау нүктелерінің топобайланысына кететін уақыт мөлшері 0,067 адам - кезең құрайды.

74. Жұмысты орындаушының – жетекші гидрогеологтың немесе гидрогеологтың еңбек шығындары (адам - кезеңде) сан жағынан жұмысты орындау уақытының мөлшеріне тең.

5. 1:200 000 масштабындағы гидрогеологиялық таспаға түсіруде еңбек шығындары және уақыт шығындары (қазба жұмыстар)

75. Бөлімде гидрогеологиялық, инженерлі–геологиялық және кешенді таспаға түсірулерде, таудан өтулерде, тәжірибе жұмыстарында (кәшайттауларда, құюларда), сынамаларды алғанда бағдар зерттеу жұмыстарын жүргізуге бірлік құндарды есептеу үшін нормативті материалдар келтірілген.

1–параграф. Бағдар зерттеу жұмыстары

76. Жұмыс шарттары:

тізімдемелік парақ аумағын зерттеуге және жүргізу мақсатына тәуелді бағдарлы зерттеу жұмыстары алдын ала тексеріп алушылық, гидрогеологиялық, гидрогеологиялық тереңірек зерттеу бойынша гидрогеологиялық және инженерлі–геологиялық, бағдардың саны, қашықтығы (км) бұрын жасалған жұмыстардың материалдарын талдау және мұқият зерттеу негізінде және аэро-космостық суреттерді дешифрлау негізінде жобамен анықталады (бұдан әрі – МАКС).

77. Нормативті құжаттар өндірістік (бағдар) топтардың түрлік құрамына бекітілген. Олар белгілі бір зерттеу көлемін және онымен байланысты

жұмыстарды (бақылау объектілерін зерттеу және сипаттау, үлгілерді және сынамаларды іріктеп алу).

78. Өндірістік топпен жүргізілетін жергілікті бағдарлар (гидрогеолог - 1, техник-гидрогеолог – 1, радиоөлшеуіш (қажет болған жағдайда) – 1, жұмысшы – 1) гидрогеологиялық партияның басшысы немесе отряд басшысының үлестік қатысуымен орындалады.

79. Жұмыс құрамы:

1) алдын ала тексеріп алу бағдарлар:

базада алдын ала дайындау – аяқтау операциялары, бағдар бойынша орындаушылардың әр 10 км қашықтықта картаға геологиялық шектерді; геоморфология, гидрография элементтерін, өсімдік жабындыларының түрлерін, жер асты суларының шығатын жерлерін белгілеп және салып, жылжып отыруы;

сипатты гидрогеологиялық және инженерлі–геологиялық объектілерді таңдап суретке түсіру, дала құжаттамаларын жүргізу, жиналған материалдарды далада өңдеу.

2) гидрогеологиялық бағдарлар:

базада алдын ала дайындау – аяқтау операциялары, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар, космо және аэро фотосуреттерді далада дешифрлау;

бағдардың бастапқы бекетін және зерттеу объектісін географиялық, геоморфологиялық және биіктен "байлау";

зерттеу объектісін жалпы шолу;

радиометриялық бақылаулар (оларды жүргізу қажет болған жағдайда);

тектоникамен, геоморфологиялық және өзге де жағдайлармен байланысын айқындауды қоса объектіні сипаттау және зерттеу, сонымен қатар объектіні суреттеу және фото суретке түсіру;

картада немесе аэрофотосуреттерде объектінің таралу контурын және өзге ақпаратты бейнелеу және объектіні зерттеуге байланысты оның таралу ауданы ширегінде орындаушылардың орнын ауыстыру;

табиғи жалаңаштанған тау жыныстарын тазалау немесе тереңдігі 0,5 м дейін болатын жұмсақ жыныстар арқылы копуштардың өтуі; копуштардың геологиялық құжаттамалары;

бұлақтарды, құдықтарды сипаттау және сынамалау (бөлек мөлшерленеді);

зерттеу топтарының (отрядтардың) зерттеу объектілері арасында бағдар бойынша үздіксіз геологиялық, гидрогеологиялық және геоморфологиялық зерттеу жұмыстарымен және бағдар бойынша жергілікті жайды сипаттау және бақылау деректерін дала күнделігіне, картаға немесе аэрофотосуреттерде белгілеу арқылы қозғалып отыру;

бұрғылау ұнғымаларының, ұнғымалардың және арналардың карталанған және байқап көрілген тыңайған жерлерін көрсету, монолиттерді, жыныстар және су үлгілерін іріктеп алу орнын көрсету;

әдістемелік нұсқамалармен бекітілген өлшемдерде таспаға түсіру ауданында және одан тыс бақылау және байланыс бағдарлар;

жүйелі түрдегі материалдарды далада камералды өндеп отыру: бақылау нүктелерін, бекітілген шектерді, жатыс элементтерін, геологиялық белгілерді бағдар картасында (аэрофотосуреттерде) бейнелеу және тушпен бекіту, контурларды түрлі түсті қарындаштармен бояу және бағдар картасына литология белгілерін тушпен түсіру; үлгілер мен сынамаларды қарап шығу және қысқарту, дала журналында (күнделігінде) жазбаларды түзету, бағдар бойынша қорытындылар жазу, сәйкес журналдарға үлгілер мен сынамаларды тіркеу; дала материалдарын қабылдау – тапсыру.

3) гидрогеологиялық тереңірек зерттеу бойынша гидрогеологиялық бағдарлар, гидрогеологиялық бағдарлардың нәтижелері бойынша таңдап алынған тізімдемелік парақтың негізгі участкелерінде жүргізіледі:

базада алдын ала дайындау – аяқтау операциялары, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар, космо және аэро фотосуреттерді далада дешифрлау;

бағдардың бастапқы бекетін және зерттеу объектісін географиялық, геоморфологиялық және биіктен "байлау";

зерттеу объектісін жалпы шолу;

радиометриялық бақылаулар (оларды жүргізу қажет болған жағдайда);

тектоникамен, геоморфологиялық және өзге де жағдайлармен байланысын айқындауды қоса объектіні сипаттау және зерттеу, сонымен қатар объектіні суреттеу және фото суретке түсіру;

картада немесе аэрофотосуреттерде объектінің таралу контурын және өзге ақпаратты бейнелеу және объектіні зерттеуге байланысты оның таралу ауданы ширегінде орындаушылардың орнын ауыстыру;

табиғи жалаңаштанған тау жыныстарын тазалау немесе тереңдігі 0,5 м дейін болатын жұмсақ жыныстар арқылы копуштардың өтуі;

копуштардың геологиялық құжаттамалары;

бұлақтарды, құдықтарды сипаттау және сынамалау (бөлек мөлшерленеді);

зерттеу топтарының (отрядтардың) зерттеу объектілері арасында бағдар бойынша жергілікті жайды сипаттау және бақылау деректерін дала күнделігіне, картаға немесе аэрофотосуреттерде белгілеу арқылы қозғалып отыру;

бұрғылау ұнғымаларының, ұнғымалардың және арналардың карталанған және байқап көрілген тыңайған жерлерін көрсету, монолиттерді, жыныстар және су үлгілерін іріктеп алу орнын көрсету;

жүйелі түрдегі материалдарды далада камералды өндеп отыру: бақылау нүктелерін, бекітілген шектерді, жатыс элементтерін, геологиялық белгілерді бағдар картасында (аэрофотосуреттерде) бейнелеу және тушпен бекіту, контурларды түрлі түсті қарындаштармен бояу және бағдар картасына литология белгілерін тушпен түсіру; үлгілер мен сынамаларды қарап шығу және қысқарту, дала журналында (күнделігінде) жазбаларды түзету, бағдар бойынша қорытындылар жазу, сәйкес журналдарға үлгілер мен сынамаларды тіркеу; дала материалдарын қабылдау – тапсыру.

4) инженерлі-геологиялық бағдарлар:

базада алдын ала дайындау – аяқтау операциялары, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар, космо және аэро фотосуреттерді далада дешифрлау;

бағдардың бастапқы бекетін және зерттеу объектісін географиялық, геоморфологиялық және биіктен "байлау" тектоникамен, геоморфологиялық және өзге де жағдайлармен байланысын айқындауды қоса объектіні сипаттау және зерттеу, сонымен қатар объектіні суреттеу және фото суретке түсіру;

зерттеу объектісін жалпы шолу;

радиометриялық бақылаулар (оларды жүргізу қажет болған жағдайда);

картада немесе аэрофотосуреттерде объектінің таралу контурын және өзге ақпаратты бейнелеу және объектіні зерттеуге байланысты оның таралу ауданы ширегінде орындаушылардың орнын ауыстыру;

табиғи жалаңаштанған тау жыныстарын тазалау немесе тереңдігі 0,5 м дейін болатын жұмсақ жыныстар арқылы копуштардың өтуі;

копуштардың геологиялық құжаттамалары;

бұлақтарды, құдықтарды сипаттау және сынамалау (бөлек мөлшерленеді);

зерттеу топтарының (отрядтардың) зерттеу объектілері арасында бағдар бойынша жергілікті жайды сипаттау және бақылау деректерін дала күнделігіне, картаға немесе аэрофотосуреттерде белгілеу арқылы қозғалып отыру;

бұрғылау төтелдерінің, шыңыраулардың және арналардың карталанған және байқап көрілген тыңайған жерлерін көрсету, монолиттерді, жыныстар және су үлгілерін іріктеп алу орнын көрсету, сәйкес құрамы мен көлеміне, әдістемелік нұсқамаларға, таспаға түсіру масштабына бағдар бойынша қозғалып отыру барысында инженерлі–геологиялық, геоморфологиялық және геологиялық зерттеу жұмыстарының кешенін жүргізу;

инженерлі–геологиялық жыныстар кешені бойынша тіліктерді зерттеу, қолданыстағы инженерлі құрылыстарды қарап шығу, олардың тау жыныстары мен жер асты суларына тигізетін әсерін айқындау;

құрылыс аландарын, қазаншұңқырларын, ашық кешендерін, тау қазбаларын қарап шығу;

жүйелі түрдегі материалдарды далада камералды өндеп отыру: бақылау нүктелерін, бекітілген шектерді, жатыс элементтерін, геологиялық белгілерді бағдар картасында (аэрофотосуреттерде) бейнелеу және тушпен бекіту, контурларды түрлі түсті қарындаштармен бояу және бағдар картасына литология белгілерін тушпен түсіру; үлгілер мен сынамаларды қарап шығу және қысқарту, дала журналында (күнделігінде) жазбаларды түзету, бағдар бойынша қорытындылар жазу, сәйкес журналдарға үлгілер мен сынамаларды тіркеу; дала материалдарын қабылдау – тапсыру.

80. Бағдар зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін уақыт мөлшерлері 11 қосымшаның 17 кестесінде келтірілген.

81. Жерде гидрогеологиялық немесе инженерлі–геологиялық бағдарларды жүргізетін өндірістік топтың әр орындаушының еңбек шығындары сан жағынан осы жұмысты орындауға кететін уақыт мөлшерлеріне тең және уақыт мөлшерлері 11 қосымшаның 17-1 кестесінде келтірілген.

Партия (отряд) басшысының еңбек шығындары – өлшеуішке 0,1 адам/кезеңге тең.

6. Тауды қазу жұмыстары, құжаттама және сынамалар

82. Тармақшада Қазақстан Республикасының аумағында 1:200 000 масштабындағы гидрогеологиялық таспаға түсіруде тауда өту жұмыстарын өткізудің анағұрлым кең тараған түрлері мен әдістерінің уақыт мөлшерлері келтірілген.

83. Тау жыныстарының бекемдеріне тәуелді уақыт мөлшерлерін және еңбек шығындарын жобалау негізінде хронометражды жұмыстар нәтижелері және жыныстардың топтастырылуы жатыр, олар 12 қосымшада келтірілген.

84. Уақыт мөлшерлері шыңыраулардың көлденең қималары және тереңдіктеріне қолдануға анықталған таулы бұрғылау қазбаларының көлденең қимасының өлшемдері мен пішіндері жобамен анықталады.

85. Жұмыстың мазмұнында негізгі жұмыс процестерінің кешені көрсетілген, олар мөлшермен есепке алынған. Сонымен қатар, мөлшерлермен қосымша 5% көлеміндегі еңбек шығындары есепке алынған.

86. Мөлшермен есепке алынбаған және қосымша қарастырылатындар: қақпақ жасау, шыңыраулар қоршауларын сақтандыратын құрылғы, жұмыс участкесін қардан тазалау.

87. Бет үстінде және тереңдігі 5 м дейінгі ұңғымаларларда жұмыс жасау уақытының шығынын есептегенде 7-сағаттық жұмыс күні қабылданған, 5 м жоғарыларда 6-сағаттық жұмыс күні қабылданған.

88. Бір интервалдан асатын, бірақ келесісіне жетпейтін тереңдіктегі шыңырауларды өтуге кететін уақыт мөлшерін қазбаның сәйкес тереңдігі бойыша қабылдаған жөн. Мысалы, 1,8 м ұңғыма тереңдігінде 0-2 м интервалы бойынша.

89. Тау жұмыстарының өндірісі нақты есептілік шарттардан ауытқыған кезде уақыт мөлшерлеріне түзету коэффициенттері қолданылады, олар уақыт мөлшерлерінің 13 қосымшасының 18 кестесінде келтірілген.

90. Түрлі факторлар әрекетін бір уақытта ескеретін жалпы түзету коэффициенті сәйкес коэффициенттерді қосумен анықталады.

1–параграф. Қолмен ұңғымаларды қазу

91. Жұмыс шарттары:

қолмен өтілетін ұңғыма қимасының ауданы жарықта 0,8 және 0,9-дан 1,25 кв. м (бұдан әрі – кв. м) дейін, максимал тереңдік 10 м; жұмыстарды қолмен жасағанда сүймендер, қайлалар, күректер пайдаланылады; мөлшерлермен қолдық қақпақ және сыйымдылығы 0,03-0,04 куб. м (бұдан әрі – куб. м) қауға қолдану қарастырылған.

2–параграф. Жыныстарды алдын ала қопсытусыз

92. Жұмыс құрамы:

базада алдын ала дайындау – аяқтау жұмыстыры;

жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар: ұңғыма салу орнын дайындау (беткейді тазалау, тастар мен өсімдіктерді алып тастау), көтергіш қақпақты құрастыру және орнату; жер бетіне тереңдігі 2,5 м дейінгі жыныстарды қопсыту, шығару және бөлшектеу, қазба жиектерінен жыныстарды қашықтату;

2,5 м терең шыңырауда қауғаларға жыныстарды тиеу, жыныстарды көтеру және қауғаларды түсіру;

қауғаны босату;

ұңғыма қабырғаларын түзеу, тіктілікті және қиылысу дұрыстығын тексеру.

Қолмен шыңырауларды бекітуге кететін уақыт мөлшерлері және еңбек шығындары 14 қосымшаның 19-21 кестелерінде келтірілген.

3–параграф. Механизацияланған әдіспен ұңғымаларды қазу

93. Жұмыс шарттары:

диаметрі 1,25 м² дейінгі шыңрауларды механизацияланған әдіспен өту жұмыстарды жылдамдатқанда және арзандатқанда жүргізіледі;

өту үшін УГБ-50М түріндегі білтектер пайдаланылады, жыныстарды бұзғыш құрал ретінде "шнек", шыңыраубұрғы түріндегі қашау пайдаланылады.

94. Жұмыс құрамы:

базада алдын ала дайындау – аяқтау жұмыстары;
жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар;
өту нүктесіне білтекті орнату;

білтекті құрастыру, діңгекті көтеру, бұрғылау құралын жалғау (шнекті, шыңыраубұрғыны). 5 м тереңдікке дейін шыңыраудың өтуі, түсіріп-жоғарылату операцияларын орындау, бұрғылау төтелдерін өсіру;

бұрғыны жыныстан тазалау, бұрғыны ауыстыру; білтекті бөлшектеп ағыту, бұрғылау құралын шешіп алу, діңгекті түсіру.

Механизацияланған әдіспен ұңғымаларды қазу жұмыстары уақыт мөлшерлерінің 15 қосымшасының 22 кестесінде келтірілген.

95. Негізгі жұмысты орындаушылардың еңбек шығындары 15 қосымшасының 23 кестесінде келтірілген.

4–параграф. Ағаштан жасалған бекітпемен қолмен ұңғымаларды бекіту

96. Жұмыс шарттары:

ұңғымаларды бекіту мөлшерлері алдын ала дайындап қойылған бекіту элементтерімен орнатылған; ағаштан жасалған бекітпені құрастыру бойынша жұмыстар, көбіне, шыңырау өтулерін жүргізіп жатқан бригаданың қолымен орындалады; жыныстарының құрамына тәуелді 0 м бастап 2,5 м – асатын шыңырау тереңдігінде бекіту, не болмаса "жүгірмелі", не болмаса өңкей тұрғызылады; қазбаларды осы жағдайларға бекітілген бекіту құжатына қатаң сәйкестік бойынша бекітеді.

97. Жұмыс құрамы:

жұмыс орнын қарап шығу және оны қауіпсіз күйге келтіру;
20 м қашықтыққа дейін бекіту элементтерін жақындату;
лядтарды орнату, уақытша өрешелерді құрастыру және бөлшектеу;
ағаш материалдарын ұңғымаға түсіру;
тәждарға шұңқырларды дайындау (жыныстарды беруді есепке ала отырып);

бекіту құлыптарын үйлестіріп тәждарды қалап салу, тұрақтарды орнату, тәждары бар тұрақтарды қапсырмалармен тарту, тақтайлармен немесе табытпен қазбалар бүйірлерін тарту, бос жерлерді қапсыру.

98. Шыңырауларды бекітуге кететін уақыт мөлшерлері 16 қосымшаның 24 кестесінде келтірілген.

99. Еңбек шығындары: бекітумен айналысқан орындаушылардың уақыт шығындары 16 қосымшаның 24 кестесінде келтірілген уақыт мөлшерлеріне тең.

5–параграф. Металдан жасалған сақиналармен механизацияланған әдіспен ұңғымаларды бекіту

100. Жұмыс шарттары: УГБ-50 түрлі білтек көмегімен ұңғымаларды механизацияланған әдіспен бекіту дайын металдан жасалған сақиналармен жүргізіледі.

101. Жұмыс құрамы:

жұмыс орнын қарап шығу және оны қауіпсіз күйге келтіру, 20 м қашықтыққа дейін бекіту элементтерін жақындату;

лядтарды орнату, уақытша өрешелерді құрастыру;

сақина бекітпелерін ұңғымаға түсіру, түсуге қызмет көрсету, бекітпе құрыптарын келтіріп сақиналарды орнату және бекітпе артында қалған бос орындарды толтыру, сақиналарды өзара жалғау.

102. Металдан жасалған сақиналармен шыңырауларды бекітуге кететін уақыт мөлшері - 0,16 кезең құрайды. Өлшеуіш – 1 сақина (1 метр).

103. Жұмысты орындауға кететін еңбек шығындары ұңғымадан өтетін орындаушылар құрамына сәйкес келеді – уақыт мөлшерлерінің 23 қосымшасының 23 кестесінде келтірілген.

6–параграф. Ұңғымалардан бекітпе сақиналарын алып шығу

104. Жұмыс шарттары: бекіту сақиналарын алып шығуға байланысты жұмыстар УГБ-50 түріндегі білтек көмегімен жүргізіледі.

105. Жұмыс құрамы:

алдын ала дайындау – аяқтау операциялары, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар;

жұмыс орнын қарап шығу және оны қауіпсіз күйге келтіру;

УГБ-50 білігін құру, уақытша өрешелерін бөлшектеу, бекіту сақиналарын бекітуден босату және көтеру, білтекті бөлшектеу.

106. Шыңыраудан бекіту сақиналарын босатуға кететін уақыт мөлшерлері 0,191 кезең құрайды.

107. Осы жұмыс түрінің еңбек шығындары және орындаушылардың құрамы шыңырауды бекіткен бригада құрамына сәйкес келеді.

7–параграф. Тау қазбаларын қолмен көму

108. Жұмыс шарттары:

тау қазбаларын көмуге кететін уақыт мөлшерлері олардың өту барысында және орналасуында алынған тау салмақтарын пайдалануды көздейді: қолмен

көмгенде – қолмен лақтыру қашықтығына (3 м-ге дейін), бульдозермен көмгенде – қызба қасынан 5 м қашықтықта.

109. Жұмыс құрамы:

ұңғымаларды қолмен көму қолдық таптаумен, әр 0,3 м қабатты таптау бойынша жүзеге асырылады;

таптаусыз көмген кезде уақыт мөлшерлеріне 0,8 коэффициент қолданылады; механизацияланған көмуде уақыт мөлшерлері қуаттылығы 79 киловатт (бұдан - әрі квт) (108 л.с.) бульдозер үшін орнатылған.

110. Ұңғымаларды көмуге кететін уақыт мөлшерлері 17 қосымшаның 25 кестесінде келтірілген.

111. Ұңғымаларды қолмен көмуге кететін еңбек шығындары және орындаушылар құрамы уақыт нормаларының 14 қосымшасының 21 кестесінде, бульдозермен 17 қосымшаның 26 кестесінде келтірілген.

8–параграф. Ұңғымалардың геологиялық құжаттары

112. Жұмыс шарттары: ұңғыманың геологиялық құжатталуы ұңғыманы оны өткеннен кейін бірден орындалады.

113. Жұмыс құрамы:

алдын ала дайындау – аяқтау операциялары, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар, жұмыс орнын қарап шығу және оны қауіпсіз күйге келтіру;

тау қазбасының орналасуын байланыстыру (географиялық, геоморфологиялық және биіктіктік), оның ішіне бет еңкеюінің өлшемін және бағдар көздеу аралығын қоса;

баспалдақты түсіру және оны бекіту;

жабдықтарды және өзге де құжаттауға қажетті заттарды түсіру;

алдын ала геологиялық интервалдарды белгілей отырып тау қазбасын жалпы шолу;

бүйір бұрыштарды, топырақты (түбін) немесе жабындыны тазалау;

демекші құжаттама: ашылған тау жыныстарын қабат қабатымен зерттеу және сипаттау;

үлгілер мен сынамаларды алу, оларды этикеткалау және қораптау;

радиометриялық зерттеу (оларды жүргізу жағдайында);

тау қазбаларының жайма үлгі, сынама және құжаттаманың өзге де элементтерінің орындарын суреттеу;

тау қазбаларынан жабдықтарды, үлгілер мен сынамаларды көтеріп алып шығу, баспалдақты көтеріп алып шығу;

тау қазбасының орналасу мекен жайын топонегізде (аэрофотосуреттерде) тушьпен бекіту;

жатыс элементтерін және қыртыстардың (қабаттардың) қалыңдығын есептеу, үлгі және сынамаларды қарап шығу және қысқарту, дала журналында (күнделігінде) жазбаларды және суреттемеде үлгілерді және сынамаларды алу орындарын түзеу;

сәйкес журналда үлгілер мен сынамаларды тіркеу.

114. Шыңыраулардың геологиялық құжаттамаларына кететін уақыт мөлшерлері 18 қосымшаның 27 кестесінде келтірілген.

115. Жұмыс екі орындаушыдан тұратын өндірістік топпен орындалады: гидрогеологпен және жұмысшымен. Сәйкес алдын ала дайындау – қорытынды операцияларда және жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операцияларда үлестік қатысу түрінде партия немесе отряд басшысы ескеріледі.

116. Шыңыраудың геологиялық құжаттамасын жүргізіп отырған өндірістік топтағы әр орындаушының еңбек шығындары (адам/кезеңде) сан жағынан осы жұмысты орындау уақытының мөлшерлеріне тең. Партия немесе отряд басшысының еңбек шығыны – 1 м құжаттаманың 0,15 адам/кезеңіне тең.

9–параграф. Монолиттерді іріктеп алу

117. Жұмыс шарттары:

монолиттер топырақтарды жалаңаштау және жерасты тау қазбаларынан қолмен немесе кесетін сақинамен және бұрғылау төтелдерінен топырақ тасығыштармен іріктеп алынады; қолмен кесіп алынатын монолиттер өлшемі: 100*100*100 мм, 200*200*200 мм және 300*300*300 мм; шыңыраулардың тереңдігі 5 м-ге дейін болатындар қабылданады.

118. Жұмыс құрамы монолиттерді іріктеп алу әдісіне тәуелсіз: алдын ала дайындау – қорытынды операциялар, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар, балауызды қыздыру және онымен дәкені қанықтыру, этикеткаларды толтыру; монолиттерді балауыздау және қораптау, құжаттау.

119. Монолиттерді іріктеп алу әдісіне тәуелді жұмыс мазмұнына қосымша келесілер қосылады:

1) монолиттерді қолмен кесіп іріктеп алуда: шыңырауға баспалдақты, жабдықты және өзге де заттарды түсіру және оларды көтеріп алу;

баспалдақты бекіту және босатып алу;

шыңырау қабырғасын немесе жалаңаш бүйірін тазалау;

монолит контурын белгілеу және жалаңаштануында немесе тау қазбасының қабырғасынан қуысты ойып алу;

монолит қырларын кесу және оны шешіп алу;

ұңғымадан монолитті көтеріп алу.

2) монолиттерді кескіш сақинамен іріктеп алуға;

шыңырауға баспалдақты, жабдықты және өзге де заттарды түсіру және оларды көтеріп алу;

баспалдақты бекіту және босатып алу;

ұңғыма қабырғасын немесе жалаңаш бүйірін тазалау;

сақина айналасында топырақтың біртіндеп ойылуымен сақинаның топырақпен толық толуына дейін топыраққа сақинана батыру;

сақина шетінен төмен топырақты кесу;

сақина шетімен топырақты түзеулеу;

ұңғымадан монолитті көтеріп алу.

120. Еңбек мөлшерлері бекітілген осы жұмыстың өлшеуші – 1 монолит деп қабылданған.

121. Бірнеше жыныстарды ұңғымадан, жалаңаш жерлерден монолиттерді іріктеп алуға кететін уақыт мөлшерлері 1-19 қосымшада (28 кестеде) келтірілген.

122. Іріктеп алу әдісіне тәуелді бірнеше тау жыныстарының жалаңаштануларынан, шыңырауларынан және тау қазбаларынан монолиттерді іріктеп алатын жұмыс топтарының сандық мөлшері және орындаушылар құрамы 19 қосымша бойынша 29 кестеде келтірілген.

123. Бірнеше тау жыныстарының жалаңаштануларынан, шыңырауларынан және тау қазбаларынан монолиттерді іріктеп алу жұмысы іріктеп алу әдісіне тәуелді топтардың сандық құрамымен орындалады, ол 19 қосымшаның 29 кестесінде келтірілген, алдын ала дайындау – қорытынды операцияларда және жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операцияларда үлестік қатысу түрінде гидрогеолог ескеріледі.

124. Жұмысты негізгі орындаушылардың (19 қосымшаның 29 кестесінде) еңбек шығындары (адам/кезең) сан жағынан іріктеп алу әдісіне тәуелді монолиттерді іріктеп алуға (19 қосымшаның 28 кестесінде) кететін уақыт мөлшерлеріне тең. Гидрогеологтың еңбек шығындары өлшеуішке 0,026 адам/кезең құрайды.

10–параграф. Бораздалу сынамаларын іріктеп алу

125. Жұмыс шарттары:

жер бетінің жалаңаштанған бетінен және шыңыраулардан сынамаларды іріктеп алу қолмен айырлармен, сыналармен, кайлдармен, күректермен алу әдісімен жүзеге асырылады.

126. Жұмыс құрамы:

алдын ала дайындау – қорытынды операциялар, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар;

сынамалар алынған жерлердің бетін тегістеу;

бораздалу контурын белгілеу немесе шаблонды орнату;

брезентті жаю, тазалау және жинау;

жыныстарды бөлшектеу және пайдалы қазбаларды алу (жыныстарды соққылау, бораздалуды тазалау), жыныстардың ірі кесектерін сындыру;

жабдықпен жұмыс жасау (оны жұмыс процесінде ауыстыру, жүктемелеу және жабысқақ жыныстардан тазалау);

өрештердің орнын ауыстыру және оларды бекіту, брезенттегі сынамаларды жинау және оларды қапшықтарға қораптау, сынамаларға белгі салу.

Бораздалу сынамаларын іріктеп алуға уақыт нормалары мен еңбек шығындары уақыт нормаларының 20 қосымшасының 30, 31 кестелерінде келтірілген.

7. Тәжірибе жұмыстарын орындауға кететін еңбек шығындары және уақыт мөлшерлері (қазбалар)

127. Бөлімде бірлік есептеулерді есептеу үшін нормативті материалдар келесілерге келтірілген:

әр түрлі су көтергіш амалдарды пайдалану арқылы механикалық әдіспен бұрғылау ұңғымаларынан және құдықтардан (ұңғымалардан) суды кәшайттау талаптары;

бұрғылау ұңғымасына және қазбаларға тәжірибелік су құюлар.

128. Бұрғылау төтелдерін тәжірибелік гидрогеологиялық жұмыстар үшін дайындау және тәжірибені орындап болғаннан кейін (қажет болған жағдайда оларды зерттеу жұмыстарын жүргізуді жалғастыру немесе пайдалануға беру) түрлі әдістермен осы бұрғылау төтелдерін жуып-шаю (оның ішінде тесу) бұрғылау бригадаларымен жүзеге асырылады. Жуып шаю (деглинизация) уақыты жобамен анықталады. Осы жұмыс түрінің шығындары бұрғылаудың білтек – кезең құнынан анықталады, ол сәйкес төтелдер құрылысында ескерілген.

129. Кәшайттау процесінде су деңгейін және шығынын бақылауды бір техник-гидрогеолог жүргізеді, бұл мөлшерлермен ескерілген.

130. Суды кәшайттеу бойынша тәжірибе ұзақтылығы және су деңгейінің қалпына келуін бақылау жобамен геолого–гидрогеологиялық жағдайларға және кәшайттеу түріне тәуелді анықталады.

1–параграф. Эрлифтпен бұрғылау ұңғымаларында суды кәшайттау бойынша тәжірибе

131. Жұмыс шарттары:

түсіріп–көтеру операциялары бұрғылау қондырғыларының жұқарбалары арқылы жүзеге асырылады, олар: 1БА-15В; УГБ-50М; УРБ-3АМ және жылжып отыратын компрессорлық станциялар пайдаланылады, олар: ДК-9М; ПК-10; ЗИФ-55; ДК-15/25; УПК-80, ұзындығы 5 немесе 8 м болатын су көтергіш төтелдер, және ұзындығы 4 м және диаметрі сәйкесінше 89-273 мм және 19-50 мм ауа жеткізгіш төтелдер, төтелдерді түсіру тереңдігі 150 м дейін және 150 м³/сағ. дейін суды беруде деңгейді өлшеу электро деңгей өлшеуіштермен жүзеге асырылады, олар: УЭ-50; УЭ-200; ПУ-100; ПУ-500;

су шығыны көлемдік әдіспен өлшенеді, мұнда сыйымдылығы 20*Q л/с төмен болмайтын, суды ағызып жіберуге арналған түбінде қақпағы бар өлшеуіш ыдыстары пайдаланылады;

суды ағызып жібергіш үштіктің орташа диаметрі және ұзындығы 10 м - Ø 146 мм су қайтару төтелдерін бұрау;

бір суды қайтару төтелінің орташа ұзындығы 5 м;

суды ағызып жіберу үштігін бұрандаға кигізу және су қайтару төтелдерін ағыту қалдық талшықтардың бұрандалық байланыстарын ораумен бояуда жүргізіледі;

кезең ұзақтылығы 7 сағат. Кәшейттек ұзақтылығы, құрылғы және өлшеу жабдықтарының түрі жобамен анықталады.

132. Жұмыс құрамы:

1) тәжірибеге дайындауда:

алдын ала дайындау – қорытынды операциялар;

жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар, жұмыс орны ширегінде жабдықтардың және өзге де заттардың орын ауыстыруы;

құрастыру алдында құрылғының бар жоқтығын тексеру, құрылғыны және өзге де заттарды қарап шығу, бұрғылау төтелінің аузын ашу (қысу бұрандаларын ағыту арқылы қақпақты шешіп алу);

су көтеру төтелдерін таңдау (шаблондаумен), ауа жібергіш, пьезометриялық төтелдерді және ұзындығы 10 м болатын уақытша суқайтаруға арналған төтелдерді таңдау;

жылжымалы компрессорлы станцияны орнату, су көтергіш, ауа жібергіш, пьезометриялық (орамасыз және бояусыз) төтелдерді қалдық талшықтар бұрандаларын ораумен бояумен байланыстыру үшін түсіру (бос бұрғылау төтеліне);

төтелдің аузында төтелдерді бекіту;

бұрғылау төтелінің аузында майлықты орнату;

суағызғыш үштікті бұрандау;

компрессорлы станцияға ауа жібергіш төтелдерді жалғау;
ұзындығы 10 м уақытша су қайтару (су жібергіш) төтелін төсегенде қалдық талшықтар бұрандаларын бояуда орағанда төтелдерді қолмен бұрау, су ағынының астына ашық түрлі өлшеуіш ыдысты орнату;

электрлік деңгей өлшеуішті орнату;

жүктеме астында эрлифті қондырғыны сынау.

2) тәжірибе жүргізгенде:

бір су деңгейі шегінде ұстап тұру үшін үздіксіз төмендеуге суды кәшейттеу; тәжірибе процесінде су деңгейін, температурасын және су шығынын өлшеу, талдау үшін су сынамаларын іріктеп алу, деңгейдің қалпына келуін бақылау, мәшине және жабдықтарға қызмет көрсету;

құжаттама және тәжірибе деректерін далада өңдеу.

3) тәжірибені таратқанда:

электрлік деңгей өлшеуішті шешу, компрессорлық стануиядан ауа жібергіш төтелдерді ажырату, қабылдағыш бөшкені (ауа ажыратқыш қондырғының) шешу ;

уақытша су қайтарғышты (су жібергішті) бөлшектеуде талшықтар бұрандалары бояуда оратылған байланыстарды, төтелдерді қолмен бұрап шешіп алу;

су ағызғыш үштікті қолмен бұрап шешіп алу;

бұрғылау төтелінің аузынан майлықты шығарып алу;

төтел аузындағы төтелдерді босату; төтелден төтелдерді көтеріп шығару;

төтел аузын қақпақпен жабу, қысқыш бұрандаларды бұрап бекіту;

жұмыс орны ширегінде жабдықтардың және өзге де заттардың орнын ауыстыру;

жабдықтарды және өзге заттарды жұмыстың жаңа орнына көшіруге (тазалау, жуу, майлау) дайындау немесе қоймаға тапсыру;

тапсырманы орындап болғаннан кейін қондырғыларды, жабдықтарды, материалдар қалдықтарын, түрлі құжаттарды тапсыру;

жұмыс орнын тазалау; кезенді тапсыру.

133. Бір бұрғылау төтелінен эрлифтпен іштен жану қозғалтқышы бар бұрғылау қондырғысының жұкарбасы арқылы түсіріп–көтеру операцияларымен суды кәшейттеу бойынша тәжірибені дайындауға және таратуға кететін уақыт мөлшерлері 21 қосымшаның 32 кестесінде келтірілген.

134. Тәжірибені дайындау, жүргізу, тарату және су деңгейінің қалпына келуін бақылау орындаушыларының құрамы және еңбек шығындары уақыт нормаларының 21 қосымшасының 34 кестесінде келтірілген.

2-параграф. Штангалық сорғышпен бұрғылау ұңғымасынан суды кәшейттеу бойынша тәжірибе

135. Жұмыс шарттары:

штангалық сорғыштың диаметрі: 92 және 145 мм;

кәшейттеудің максимал тереңдігі 150 м;

қарапайым әрекет ететін сорғыштың максимал берілісі 15 м³/сағатқа дейін;
жылжу электростанциялары АДЭЛС-РМІ; АД-60СР; АСДА-Т/400-РК(І).

136. Жұмыс құрамы:

1) тәжірибеге дайындау кезінде:

алдын ала дайындау – қорытынды операциялар, жұмыс орны ширегінде жабдықтарды және өзге же заттардың орнын ауыстыру, құрастыру алдында қондырғыны және өзге де заттарды қарап шығу және бар болуына тексеру;

су көтергіш құбырларды (шаблондаумен) және ұзындығы 10 м болатын су қайтару құбырларын таңдау;

сорғыш – ағызғыш қондырғыны қарап шығу; сорғышты, су көтергіш құбырларды және сорғыш тартпаларын түсіру;

бұрғылау төтелінің аузы үстінен су көтергіш құбырларды бекіту;

су ағызғыш үштікті бұрамалау;

кривошипті – шатунды механизмді сорғыш тартпаларын байланыстыру;

бұрғылау төтелінің аузына майлықты орнату;

ұзындығы 10 м құбырлы су қайтаруды төсеу;

электрлік деңгей өлшеуішті орнату;

2) тәжірибе жүргізу кезінде:

бір деңгейге судың төмендеуі шегінде суды үздіксіз кәшейттеу: тәжірибе процесінде су шығынын, температурасын және деңгейін өлшеу, талдау үшін су сынамаларын іріктеп алу, деңгейдің қалпына келуін бақылау, мәшине және қондырғыларға қызмет көрсету;

құжаттама және тәжірибе деректерін далада өңдеу;

3) тәжірибені таратқан кезінде:

электрлік деңгей өлшеуішті шешу, ұзындығы 10 м құбырлы су қайтаруды бөлшектеу, кривошипті – шатунды механизмнен сорғыштың тартқыштарын ажырату, су ағызғыш үштікті бұрандамалау;

құдық аузының үстіндегі су көтергіш құбырларды бөлшектеу, сорғышты, су көтергіш құбырларды және сорғыш тартқыштарын көтеріп шығару, қондырғыларды және өзге де заттарды жаңа орынға көшіруге немесе қоймаға тапсыруға дайындау (тазалау, майлау).

137. Бір бұрғылау төтелінен бұрғылау қондырғысының жүкарба арқылы түсіріп–көтеру операцияларында құбырларды бұрғылауға арналған

қондырғының жетегімен және штангалық сорғышпен тәжірибені дайындауға және таратуға кететін уақыт мөлшерлері 33 кестеде келтірілген.

138. Тәжірибені дайындау, жүргізу, тарату және су деңгейінің қалпына келуін бақылау орындаушыларының құрамы және еңбек шығындары уақыт нормаларының 21 қосымшасының 34 кестесінде келтірілген.

3–параграф. Бір тау қазбасынан (бұрғылау ұңғымасынан, құдықтан, ұңғымадан) қолмен көтеріп–түсіру операцияларында батырылған электр қозғалтқышы бар орталық балшықты сорғышпен суды кәшейттеу тәжірибесі

139. Жұмыс шарттары:

"Гном", "Малыш" түріндегі батырылатын электр қозғалтқышы бар орталықтандырылған балшықты сорғыш:

сорғышты орнату тереңдігі 15 м дейін, су берілісі 16 м³/сағ. дейін;

жылжымалы электр станциясы;

электрлік деңгей өлшеуіш УЭ-50; сыйымдылығы 20*Q л/с өлшеуіш ыдыс.

140. Жұмыс құрамы:

1) тәжірибені дайындау:

алдын ала дайындау – қорытынды операциялар, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар, жұмыс орны ширегінде жабдықтарды және өзге же заттардың орнын ауыстыру, төтелден қысқыш бұрандамалары бар қақпақты шешу, айдағыш жеңдерді қосу;

электросорғыш ілінентін арқанды бекіту;

электросорғышты, ток өткізетін сымжеліні және айдағыш жеңді қолмен арқанның көмегімен тау қазбасына түсіру;

тау қазбасы аузының үстінен арқанды бекіту;

басқару станциясын орнату;

су ағызғыш үштікті бұрандамалау;

ұзындығы 10 м құбырлы су көтергішті шешу;

электрлік деңгей өлшеуішті орнату; ашық түрлі өлшеу ыдысын орнату;

жүктеме астында сорғышты сынап түсіру;

2) жылжымалы электрстанциясын орнату:

алдын ала дайындау – қорытынды операциялар, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар, жұмыс орны ширегінде жабдықтарды және өзге же заттардың орнын ауыстыру, электростанция дөңгелектерін қолдық көтергіш көмегімен, олардың астына ағаштан жасалған төсеніштерді орнату арқылы асып қою, дөңгелектерді бекіту, сынамалы түсіру және түсіру қозғалтқышын ретке келтіру.

Электрстанция және электрсорғышты басқару станциясы панелі клеммамдарына ток өткізгіш сымжеліні төсемелеу және жалғау.

3) жылжымалы электрстанциясын шешіп алу:

электрстанция дөңгелектерінің астынан ағаштан жасалған төсемелерді алу, дөңгелектерді босату, жерлендіруді шешіп алу, электрстанция және электрсорғышты басқару станциясы панелі клеммамдарына ток өткізгіш сымжеліні ажырату.

4) тәжірибені тарату:

электрлік деңгей өлшеуішті, өлшеу ыдысын шешіп алу, төтелдер аузынан арқанды босату, төтелден қолмен арқан арқылы электрсорғышты, ток өткізгіш сымжеліні және айдағыш құбыршекті көтеріп алу;

сорғыш ілінетін арқанды шешу, айдағыш құбыршекті ажырату, қыспалы бұрандасы бар қақпақпен төтел аузын жабу.

141. Еңбек мөлшерлері бекітілген осы жұмыстардың өлшеуіштері келесілер болып қабылданған:

тәжірибені дайындау кезінде – 1 дайындау;

жылжымалы электрстанциясын орнатқан кезде – 1 орнату;

жылжымалы электрстанциясын шешіп алған кезде – 1 шешу;

тәжірибені тартқан кезде – 1 тарату;

тәжірибені жүргізу кезінде – кезең.

142. Бір тау қазбасынан, бұрғылау төтелінен, құдықтан, шыңыраудан қолмен көтеріп–түсіру операцияларында "Малыш" түріндегі батырылған электр қозғалтқышы бар орталық балшықты сорғышпен суды кәшейттеу тәжірибесін дайындауға, орнатуға, жылжымалы электрстанциясын шешуге және тәжірибені таратуға кететін уақыт мөлшерлері келесілерге қабылданған:

тәжірибені дайындауға – 0,169 кезең

жылжымалы электрстанциясын орнатуға – 0,214 кезең

жылжымалы электрстанциясын шешіп алуға – 0,168 кезең

тәжірибені таратуға – 0,110 кезең.

143. Тәжірибені дайындау, жүргізу, тарату және су деңгейінің қалпына келуін бақылау орындаушыларының құрамы және еңбек шығындары уақыт нормаларының 21 қосымшасының 34 кестесінде келтірілген.

4-параграф. Бақылау ұңғымаларын кәшейттеу

144. Жұмыс шарттары:

бақылау төтелдерінен су сынамаларын алу үшін әр жыл мезгілінде не "Малыш" түріндегі (ластану аймақтарында хромның болуын анықтағанда) батырма сорғышымен төтелдер кәшейттеледі, не болмаса жер асты суларының

тәртібін зерттеу бойынша төтелдерді кәшейттеу кезінде эрлифтпен; құрам бойынша бұл жұмыстар қарапайым кәшейттеулерден қысқа ұзақтылықпен айрықшаланады, сондықтан есептілікті ыңғайлы жүргізу үшін мезгілдік кәшейттеулерге дайындау және тарату жұмыстарын есепке ала отырып уақыт мөлшерлері бекітілген.

145. Жұмыс құрамы:

алдын ала дайындау – қорытынды операциялар, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар, жабдықтарды түсіру, оның және өзге де заттардың жұмыс орны ширегінде орнын ауыстыру және жұмысқа дайындау;

УГБ-50М білтегін құрастыру;

төтел аузын ашу;

төтел аузының үстіне ауа жібергіш құбырларды түсіру және бекіту;

су ағызғыш үштікті бұрандамалау;

төтел аузында майлықты орнату;

жылжымалы компрессорды ауа жібергіш құбырларды жалғастырып бекіту;

буындарды техникалық қарап шығу, жанар жағар маймен толтыру және өзге де қосымша жұмыстар, кәшейттеу, мәшинелер мен жабдықтарға қызмет көрсету, су сынамаларын іріктеп алу, компрессорлы қондырғыны ауа жібергіш құбырларды босату арқылы шешіп алу, майлықты шығарып алу;

су ағызғыш үштікті бұрандамалап шешіп алу, ауа жібергіш құбырларды шығарып алу;

төтел аузын жабу;

УГБ-50М білтегін бөлшектеу;

жаңа төтелге көшіруге жабдықтарды және өзге де заттарды дайындау;

жұмыс орнын жинау.

146. Жұмыс өндірістік топпен орындалады, мұнда үш негізгі орындаушы болады – техник гидрогеолог, бұрғылау шебері, бұрғылау шеберінің көмекшісі, партия басшысының үлестік қатысуымен, ол алдын ала дайындау және қорытынды операцияларға қатысады.

147. Бақылау төтелдерінде кәшейттеуді жүргізудің уақыт мөлшерлері 22 қосымшаның 35 кестесінде келтірілген.

148. Негізгі жұмыс орындаушылардың еңбек шығындары сан жағынан бақылау төтелдерінде кәшейттеуді жүргізуге кететін уақыт мөлшерлеріне тең, партия басшысының еңбек шығындары өлшеуішке кезеңнің 0,001 құрайды.

5-параграф. Бұрғылау ұңғымасының ауыздықты жүген жабдығы

149. Жұмыс шарттары:

жұмыс орны ширегінде жабдықтардың, материалдардың және өзге де заттардың орнын ауыстыру (арақашықтығы 10 м дейін). Бұрғылау төтелінің аузының айналасындағы ойықшалардың радиусы 0,5 м, тереңдігі 0,25 м етіп пайдаланылады. Цементтен жасалған қоспаны дайындау – көлемі 0,2 куб.м. ойықша цементтен жасалған қоспамен құйылады ("құлып" құрылғысы).

150. Жұмыс құрамы:

бұрғылау төтелдерінде статикалық су деңгейінің орналасуына тәуелсіз: алдын ала дайындау – қорытынды операциялар;

жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар;

бұрғылау төтелінің аузының айналасында ойықшаларды қазу;

цементтен жасалған қоспаны дайындау;

ойықшаны цементтен жасалған қоспамен құйып тастау.

151. Су деңгейінің статикалық күйіне тәуелді жұмыс құрамына қосымша келесілер кіреді:

1) бұрғылау төтелінің аузынан су деңгейі төмен болған кезде: кигізілетін құбырға қысатын бұрандамалары бар металдан жасалған қақпақ орнату;

2) су өздігінен ағып жатқан кезде:

жылжымалы ацителенді генераторды карбидпен толтыру;

статикалық су деңгейінен жоғары болатындай етіп жұмысшы құбыр бағаналарын өсіру;

бірінші кигізілетін құбыр бағанасын қажетті биіктікте кесу (автогенді кесу);

бірінші кигізілетін құбыр бағанасына тіректік фланці бар ауыздың құбыршасына пісіру, ағызғыш штуцерімен және жылжытқышпен; штуцерде жылжытқышты ашу және суды ағызып жіберу;

жұмысшы құбыр бағаналарының өсірілген бөлігін бұрау;

ішкі құбыркескішті орнату;

3) құбыркескішпен жұмысшы құбыр бағанасының қалған бөлігін тірек фланцынан 5-10 см төмен етіп кесу және оны ауыз құбыршасынан шығарып алу;

құбыркескішті шешіп алу;

ауыз құбыршасына ауа қақпағын бұрап бекіту;

құжаттама.

152. Еңбек мөлшерлері бекітілген өлшеуішпен 1 ауыздықты жүген жабдығы қабылданған.

153. Бұрғылау төтелдерінің ауыздықты жүген жабдықтарына уақыт мөлшерлері 23 қосымшаның 36 кестесінде келтірілген.

154. Бұрғылау төтелдерінің ауыздықты жүген жабдықтары бойынша жұмысы келесідей жүргізіледі:

1) бұрғылау төтелінің аузынан су деңгейі төмен болған кезде - жұмысшымен және техник–гидрогеологтың үлестік қатысуымен, соңғысы алдын ала дайындау

– қорытынды операцияларға, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операцияларға қатысады;

2) су өздігінен ағып жатқан кезде – бұрғылау қондырғысының мәшинисінің көмекшісімен, газбен пісірушімен және техник–гидрогеологтың үлестік қатысуымен, соңғысы алдын ала дайындау – қорытынды операцияларға, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операцияларға қатысады.

155. Негізгі орындаушылардың еңбек шығындары (адам - кезеңде) сан жағынан осы жұмысты орындауға кететін уақыт мөлшерлеріне тең (23 қосымшаның 36 кестесі).

Техник-гидрогеологтың еңбек шығыны 0,08 адам – кезеңді құрайды.

6-параграф. Ұңғымаға су құю бойынша қолмен түсіріп–көтеру операциялары тәжірибесі

156. Жұмыс шарттары:

тереңдігі 5 метрге дейінгі ұңғыма;

шыңырау қабырғалары бекітілген;

тәжірибе үшін су қажет көлемде тәжірибе жүргізіліп жатқан жерге алып келінеді немесе жақындатылады.

Қю екі сақиналы немесе бір сақиналы инфильтрометр арқылы жүзеге асырылады; 50 л/сағ. дейін су шығынында жабық түрлі әр біреуінің сыйымдылығы 15 л болатын, ағызу шлангтары бар екі өлшеуіш ыдысы пайдаланылады, олар қысқыштармен қамтамасыз етілген; 50 л/сағ. жоғары су шығынында шлангтары бар, сыйымдылығы 100-200 л екі ашық түрлі ыдыс пайдаланылады, олар ретке келтіру құрылғыларымен қамтылған. Тәжірибе жүргізуде кезең ұзақтылығы – 7 сағат.

157. Жұмыс құрамы:

1) тәжірибені дайындау кезінде:

алдын ала дайындау – қорытынды операциялар, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар: ашық түрлі өлшеуіш ыдыстарды орнату үшін ауданды (5 м² дейін) түзеулеу;

шыңырауға баспалдақты түсіру, оны бекіту;

ойықшаны қазу және оған гравий себу;

шыңырауға жабдықтарды және өзге де құралдарды түсіру;

сақиналарды басу; өлшейіш рейканы орнату;

жабық түрлі өлшеуіш ыдыстары үшін тұғырық орнату;

жабық түрлі өлшеуіш ыдыстарды орнату, оларды бекіту; ашық түрлі өлшеуіш ыдыстарға ретке келтіргіш құралы бар шлангтарды жалғап қосу;

өлшеуіш ыдыстарды сумен толтыру;

сақиналарды немесе тапсырылған деңгейге дейін шыңыраудың ойықшасын сумен толтыру.

2) тәжірибе жүргізу кезінде:

шыңырау ойықшасына немесе орнатылған сақиналарға суды үздіксіз құю;

өлшеу ыдыстрын сумен кезекпен кезек толтыру;

жыныстарға инфильтрацияланатын су шығынын есептеу;

қондырғының жұмыс істеуін бақылау және оны ретке келтіріп отыру;

құжаттама және материалдарды далада өңдеу.

3) тәжірибені таратқан кезінде:

ашық түрлі өлшеуіш ыдыстардан ретке келтіретін құралы бар шлангтарды ажырату;

жабық түрлі өлшеуіш ыдыстарды босату және шешіп алу;

өлшеуіш ыдыстарға арналған тұғырықты шешіп алу;

өлшеуіш рейканы шешіп алу;

сақиналарды шығарып алу;

қондырғыларды және өзге де заттарды көтеріп шығару;

шыңыраудан баспалдақты босату және көтеріп алып шығу.

158. Қолмен түсіріп–көтеру операциялары кезінде шыңырауға су құю бойынша кететін уақыт мөлшерлері келесілерді құрайды:

тәжірибені дайындауға:

екі сақиналы құю кезінде – 0,200 кезең

бір сақиналы құю кезінде:

су шығын сағатына 50 аса – 800 литрге дейін – 0,143 кезең

су шығын сағатына 800 литрден аса – 0,169 кезең.

тәжірибені жүргізу кезінде: тәжірибені жүргізу ұзақтылығы жобамен аумақтың геологиялық–гидрогеологиялық жағдайларына тәуелді анықталады;

тәжірибені таратуға:

екі сақиналы құю кезінде – 0,150 кезең

бір сақиналы құю кезінде:

су шығын сағатына 50 аса – 800 литрге дейін – 0,108 кезең

су шығын сағатына 800 литрден аса – 0,123 кезең.

159. Тәжірибені дайындау, жүргізу және тарату орындаушыларының құрамы және еңбек шығындары уақыт нормаларының 24 қосымшасының 38 кестесінде келтірілген.

7-параграф. Іштен жану қозғалтқышы бар бұрғылау қондырғысының жұкарба арқылы түсіріп–көтеру операциялары кезінде бір бұрғылау төтеліне су құю бойынша тәжірибе

160. Жұмыс шарттары:

тәжірибелік бұрғылау төтеліндегі су деңгейі электрлік деңгей өлшеуішпен өлшенеді;

бұрғылау төтелдеріне су жеңдер (шлангтар) бойынша немесе диаметрі 108-146 мм су құйғыш құбырлары арқылы беріледі;

су құйғыш құбырларын бұрамалау қалдық талшықтарды ораумен бояуда жүзеге асырылады. Ұзындығы 5 немесе 8 м болатын су құйғыш құбырлар, ұзындығы 4 м және диаметрі 50 мм дейін болатын пьезометриялық құбырлар. Тәжірибе жүргізгенде кезең ұзақтылығы – 7 сағат.

161. Жұмыс құрамы:

1) тәжірибеге дайындау: алдын ала дайындау – қорытынды операциялар, жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар;

өлшеуіш ыдыстары үшін тұғырық орнату;

өлшеуіш ыдыстарын тұғырыққа бекіту;

бұрғылау төтеліне пьезометриялық құбырларды, жеңдерді немесе су құю құбырларын түсіру;

өлшеуіш ыдыстарына және су құю құбырларына шлангтарды (жеңдерді) жалғау;

электрлік деңгей өлшеуішті орнату;

тапсырылған деңгейге дейін төтелді сумен толтыру;

2) тәжірибені жүргізу: бұрғылау төтеліне суды үздіксіз құю;

сынақ төтелде су деңгейін өлшеу;

есептілікті алу және жазу;

құжаттама және материалдарды далада өңдеу;

3) тәжірибені тарату:

алдын ала дайындау – қорытынды операциялар;

жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар;

электрлік деңгей өлшеуішті шешіп алу;

өлшеуіш ыдыстардан және су құю құбырларынан шлангтарды (жеңдерді) ажырату;

тұғырықтағы өлшеуіш ыдыстарды босатып шешіп алу;

өлшеуіш ыдыстарға арналған тұғырықтарды бөлшектеу.

162. Іштен жану қозғалтқышы бар бұрғылау қондырғысының жұкарба арқылы түсіріп-көтеру операциялары кезінде бір бұрғылау төтеліне су құю бойынша тәжірибені дайындауға және таратуға кететін уақыт мөлшерлері 24 қосымшаның 37 кестесінде келтірілген.

163. Тәжірибені дайындау, жүргізу және тарату орындаушыларының құрамы және еңбек шығындары уақыт нормаларының 24 қосымшасының 38 кестесінде келтірілген.

8-параграф. Қолмен түсіріп–көтеру операциялары кезінде бар бұрғылау ұңғымасына су құю бойынша тәжірибе

164. Жұмыс шарттары:

бұрғылау төтелі 5 метрге тереңдікке дейін өтілген;

бұрғылау төтелінің сыналатын тереңдік интервалы су құю үшін дайындап қойылған;

тәжірибе үшін су қажетті көлемде тәжірибе жүргізу орнына алып келінеді немесе жеткізіледі;

тәжірибелі бұрғылау төтеліндегі су деңгейі электрлік деңгей өлшеуішпен өлшенеді;

ұзындығы 4 м және диаметрі 19-25 мм болатын пьезометриялық құбырлар;

бұрғылау төтелдеріне су жеңдер (шлангтар) бойынша немесе диаметрі 108-146 мм су құйғыш құбырлары арқылы беріледі;

ашық түрлі ыдыстар сыйымдылығы 200 л, тәжірибе жүргізгенде кезең ұзақтылығы – 7 сағат.

165. Жұмыс құрамы:

1) бұрғылау төтеліне су құю тәжірибесін дайындау кезінде: алдын ала дайындау – қорытынды операциялары;

жұмыс орнына қызмет көрсетумен байланысты операциялар;

өлшеуіш ыдыстары үшін тұғырық орнату;

өлшеуіш ыдыстарын тұғырыққа бекіту;

бұрғылау төтеліне пьезометриялық құбырларды, жеңдерді немесе су құю құбырларын түсіру;

өлшеуіш ыдыстарына және су құю құбырларына шлангтарды (жеңдерді) жалғау; электрлік деңгей өлшеуішті орнату;

2) бұрғылау төтеліне су құю тәжірибесін жүргізу кезінде: бұрғылау төтеліне суды үздіксіз құю;

тәжірибе өтіп жатқан құбырдың су деңгейін өлшеу;

қондырғы жұмысын бақылау және оны ретке келтіру;

құжаттама және материалдарды далада өңдеу;

3) бұрғылау төтеліне су құю тәжірибесін тарату кезінде: электрлік деңгей өлшеуішті шешіп алу;

өлшеуіш ыдыстардан және су құю құбырларынан шлангтарды (жеңдерді) ажырату;

өлшеуіш ыдыстардан және су құю құбырларынан шлангтарды (жеңдерді) көтеріп шығару;

тұғырықтағы өлшеуіш ыдыстарды босатып шешіп алу;

өлшеуіш ыдыстарға арналған тұғырықтарды бөлшектеу.

166. Қолмен түсіріп–көтеру операциялары кезінде бір бұрғылау төтеліне су құю бойынша тәжірибені дайындауға және таратуға кететін уақыт мөлшерлерінің 24 қосымшасының 37 кестеде келтірілген.

167. Тәжірибені дайындау, жүргізу және тарату орындаушыларының құрамы және еңбек шығындары уақыт нормаларының 24 қосымшасының 38 кестесінде келтірілген.

8. Жер асты суларының мониторингі бойынша жинақ есеп құру

1-параграф. Басылған және қор материалдарын жинау

168. Жинақ есептілікті құрастыру үшін партияның бақылау материалдарынан басқа метеорологиялық, гидрогеологиялық, топырақ материалдары, гидрологиялық, геологиялық, инженерлі–геологиялық бақылау және зерттеу жұмыстарының материалдары пайдаланылады. Олар өндірістік, ғылыми–зерттеушілік және жоба жасайтын ұйымдармен және институттарымен жүргізіледі. Сонымен қатар, жер асты сулары кен орындарын пайдалану, ірі су қоймаларын және суару жүйелерін пайдалану мен оларды пайдалану тәртібі бойынша материалдар кірістіріледі.

169. Материалдарды карап шығу, іріктеп алу, жазбаларды жазып алу және көшірмесін түсіріп алу келесі орындаушылар құрамымен жүргізіледі:

Отряд басшысы

Гидрогеолог

Техник-гидрогеолог.

170. Жұмысты орындауға кететін орындаушылар құрамы, уақыт мөлшерлері (казбалар) және еңбек шығындары уақыт нормаларының 25 қосымшасының 39 кестесінде келтірілген.

2-параграф. Жинақ есептілік мәтінін құрастыру

171. Жұмыс құрамы:

гидрометриялық, метеорологиялық, гидрогеологиялық бақылаулардың материалдарын талдау және жүйеге келтіру;

есептілік мәтінін жазу – 300-350 бет;

мәтіндік қосымшаларды дайындау және редакциялау;

кестелік материалдарды тексеру;

есептілік бөлімдерін көркемдейтін диаграммалар, графиктер, сұлбалар құру;

редакциялау.

172. 100 нүктеге дейін бақылау торы бойынша есептілік мәтінін құрастыру үшін орындаушылар құрамы және еңбек шығындары келесідей:

1. Партия басшысы - 2,48 адам.күн
2. Гидрогеолог* - 33,00 адам.күн
3. Гидрогеолог - 24,75 адам.күн
4. Техник-гидрогеолог - 12,38 адам.күн

Барлығы: 72,61 адам.күн

Ескерту: * - күрделілігі жоғары жұмыстарды орындаушы маман.

100 көп бақылау нүктелерінің санында орындаушылардың еңбек шығындары нүктелер санына пропорционалды көбейтіледі.

3-параграф. Мәтінге графикалық және кестелік қосымшаларды құрастыру

173. Жұмыс құрамы:

өзге ұйымдардың нақты материалдарын (метеорологиялық, гидрогеологиялық, топырақты-геоботаникалық, ауа қақпаларында, су қоймаларында, арналарда, суландыру массивтерінде стационарлы бақылаулар) өңдеу;

арнайы карталарды құру;

тіліктерді, графиктерді және кестелік қосымшаларды құру;

карталарды, сұлбаларды, тіліктерді тексеру, редакциялау және түзету.

174. Картографиялық материал трапеция масштабы 1:500000 болатын екі бет ауданы үшін құрастырылады. Осы жұмыстар түріне кететін еңбек шығындары уақыт нормаларының 26 қосымшасының 40 кестесінде келтірілген.

9. Жер асты суларының мемлекеттік мониторингінің деректер базасын жүргізу және қалыптастыру (ЖАСММ)

1-параграф. "Тәртіп және суіріктеу" жүйе астының Деректер Базасын (ДБ) қалыптастыру және толтыру

175. Осы жұмыстарды орындау тізбегі келесідей:

сөздіктерді редакциялау ("жаңа" объектіні енгізгенде және атауын өзгерткенде);

объектіге "жаңа" бақылау бекетін байланыстырғанда. Бұл операция бұрын деректер базасында болмаған бақылау бекеттері үшін орындалады және екі кезеңде орындалады:

картаға жалғау ("Геолинк" бағдарламасы). Картографиялық ДБ қалыптасқан деп болжанады.

деректер базасына енгізу ("Мониторинг" бағдарламасы).

объектіге ББ қайта жалғау (бақылау бекеті, әкімшілік аудан).

жұмысшылар ДБ қалыптастыру "Бақылау бекеттерінің тізімі";

"Литология" ДБ ақпаратты енгізу;
"Гидрогеологиялық параметрлер" ДБ ақпаратты енгізу;
"Гидрогеологиялық сипаттамалар" ДБ ақпаратты енгізу;
"Бұрғылау" ДБ ақпаратты енгізу;
"Жабдықтар" ДБ ақпаратты енгізу;
"ББ Құрылыстары" ДБ ақпаратты енгізу;
"Санитарлы күзет аумағы" ДБ ақпаратты енгізу;
"Статикалық деңгейлер" ДБ ақпаратты енгізу;
"Көму", "Сорғыштар" ДБ ақпаратты енгізу;
"Геофизикалық зерттеулер" ДБ ақпаратты енгізу;
"Қорлар" ДБ ақпаратты енгізу;
деректер базасына енгізілген ақпаратты бақылау;
ақпаратты көшіру (CD-табақшаларында көшірмелер мен архивтер құру).

2–параграф. "Төлқұжат деректері" ДБ қалыптастыру және толтыру (Бақылау бекеттері)

176. "Төлқұжат деректері" (бақылау бекеттері) деректер базасын қалыптастыруға және толтыруға кететін еңбек шығындарының мөлшерлері 27 қосымшаның 41 кестесінде келтірілген.

3–параграф. "Төлқұжат деректері" ДБ қалыптастыру және толтыру (Бақылау участкелері)

177. Осы жұмыстарды орындау тізбектілігі келесідей:

сөздіктерді редакциялау;

"Жаңа" бақылау участкесін енгізу және жалғау (1 БУ);

объектілерге БУ қайта жалғау (олардың атаулары өзгерген жағдайда);

бақылау участкесі бойынша төлқұжат деректерін енгізу (1 БУ төлқұжат);

деректерді редакциялау (1 БУ төлқұжат).

178. "Төлқұжат деректері" деректер базасын қалыптастыруға және толтыруға кететін еңбек шығындарының мөлшерлері (Бақылау участкелері) 27 қосымшаның 42 кестесінде келтірілген.

4–параграф. "Жедел өлшеулер" ДБ қалыптастыру және толтыру

179. Мұнда келесі деректер базасы қалыптастырылады:

"Деңгейлер тәртібі. Жедел өлшеулер";

"Температуралар тәртібі. Жедел өлшеулер";

"Шығын тәртібі. Жедел өлшеулер" (пайдаланылатын төтелдер үшін).

180. Жоғарыда аталған деректер базасының кез келгенін қалыптастыру бойынша жұмыстар, деңгейлерді, температураларды, шығындарды жедел өлшеу келесі операциялардан тұрады:

бақылау бекеттерінің жұмысшылар тізімін қалыптастыру;
жер асты суларының шығынының, температурасының, деңгейінің жедел мәндерін енгізу;
базадағы бастапқы ақпаратты бақылау;
деректерді редакциялау;
көшірмесін түсіру (CD-табақшаларда көшірмелер құру).

181. "Жедел өлшеулер" ДБ қалыптастыруға және толтыруға кететін еңбек шығындарының мөлшерлері 27 қосымшаның 43 кестесінде келтірілген.

10. "ГИДРОХИМИЯ" жүйе астының ДБ қалыптастыру және толықтыру 1–параграф. Химиялық сынамалары және талдаулары бойынша "ГИДРОХИМИЯ" жүйе астында ДБ қалыптастыру

182. "Гидрохимия" ДБ жүйе астын қалыптастыру бойынша жұмыстар келесі операциялар түрлерін өз бойына жатқызады:

объектіге ББ (бұдан әрі - бақылау бекеті) жалғау (қайта жалғау);
бақылау бекеттерінің жұмысшылар тізімін қалыптастыру;
сынама төлқұжатын қалыптастыру;
химиялық талдаулар бойынша деректерді енгізу үшін "пішімдер" құру;
"Пішім" құрамдас бөлшектердің белгілі санының талдау түрлері бойынша құрылады. "Пішімдердің" саны орындалатын талдаулардың түрлеріне тәуелді;
химиялық талдаулар бойынша ақпаратты енгізу;
ДБ деректерді бақылау;
енгізілген ақпаратты редакциялау;
көшірмесін түсіру (CD-табақшаларда көшірмелер және деректер архивын құру).

183. "Гидрохимия" жүйе астында химиялық сынамалар және талдаулар бойынша ДБ қалыптастыруға кететін еңбек шығындарының мөлшерлері уақыт нормаларының 28 қосымшасының 44 кестесінде келтірілген.

2–параграф. "Қорлар және пайдаланулар" жүйе астының ДБ қалыптастыру және толтыру

184. Осы жүйе астында келесі деректер базасы қалыптастырылады:
төлқұжаттық деректер (орналасу мекені, су қақпасы, су пайдаланушы, су тұтынушы);

суды іріктеп алу, жер асты суларын пайдалану.

3–параграф. "Қорлар және пайдаланулар" жүйе астының ДБ қалыптастыру және толтыру (орналасу мекені, су қақпасы, су пайдаланушылар, су тұтынушылар бойынша төлқұжаттық деректер)

185. "Төлқұжаттық деректер" (Суқақпа) жүйе астының деректер базасын қалыптастыруға кететін еңбек шығындарының мөлшерлері уақыт нормаларының 29 қосымшасының 45 кестесінде келтірілген.

186. "Қорлар және пайдаланулар", "Төлқұжат деректері" (ЖАС орналасу мекені) жүйе астының деректер базасын қалыптастыруға және толтыруға кететін еңбек шығындарының мөлшерлері уақыт нормаларының 29 қосымшасының 46 кестесінде келтірілген.

187. "Төлқұжат деректері" (Су пайдаланушы) жүйе астының деректер базасын қалыптастыруға кететін еңбек шығындарының мөлшерлері уақыт нормаларының 29 қосымшасының 47 кестесінде келтірілген.

188. "Төлқұжат деректері" (Су тұтынушы) жүйе астының деректер базасын қалыптастыруға кететін еңбек шығындарының мөлшерлері уақыт нормаларының 29 қосымшасының 48 кестесінде келтірілген.

4–параграф. "Қорлар және пайдаланулар" ("Суды іріктеп алу", "Жер асты суларын пайдалану") жүйе астының деректер базасын қалыптастыру және толтыру

189. "Суды іріктеп алу" және "Жер асты суларын пайдалану" деректер базасын қалыптастыру және толтыру тапсырмасы келесі операциялардан тұрады:

Қағаз тасымалдағыштардағы ақпаратты тексеру (кодтар, бірліктердің мөлшерлігі және т.с.с.);

Суқақпалары бойынша (бұдан әрі – ЖАС) суды іріктеп алу деректерін енгізу;

ДБ ақпаратты бақылау (Бюллетеньдегі байланыспау Кестесі және регламенттелмеген сұраулар бойынша жүзеге асырылады);

ДБ деректерді редакциялау.

Ескерту: Қор бойынша деректер жер асты суларын пайдалану және іріктеп алу кен орын, суқақпасы және сәйкесінше су пайдалану төлқұжаты арқылы енгізіледі.

190. "Қорлар және пайдаланулар" ("Суды іріктеп алу") жүйе астының деректер базасын қалыптастыруға кететін еңбек шығындарының мөлшерлері уақыт нормаларының 30 қосымшасының 49 кестесінде келтірілген.

191. "Қорлар және пайдаланулар" ("Жер асты суларын пайдалану") жүйе астының деректер базасын қалыптастыруға кететін еңбек шығындарының мөлшерлері уақыт нормаларының 30 қосымшасының 50 кестесінде келтірілген.

11. АҚЖ ЖАСММ (ГЕОЛИНК) жүйесінің деректер базасын пайдалана отырып ақпаратты өңдеуге кететін уақыт мөлшерлері

192. АҚЖ ЖАСММ жүйесінде деректерді өңдеу келесі жүйе астыларымен орындалады "Тәртіп және суды іріктеп алу", "Гидрохимия", "Қорлар және пайдаланулар", "ЖАС мониторингі объектілерінің төлқұжаттары".

1–параграф. "Тәртіп және суды іріктеп алу" жүйе астының деректер базасындағы ақпаратты өңдеу

193. Деректер базасы екі әдіспен қалыптастырыла алады:

1) Деңгейдің, температураның, шығынның жедел өлшеулерін алдын ала (алғашқы) өңдеу.

2) Деңгейдің, температураның, шығынның орташа айлық және орташа жылдық мәндерін БД тікелей енгізу. Екінші әдіс (б) деңгейді, температураны және шығынды жедел тәртіпте бақылау бойынша деректер болмаған кезде пайдаланылуы мүмкін. Бұл жағдайда уақыт мөлшерлерін деректер базасын қалыптастыруға және толтыруға пайдалану ұсынылады.

194. ДБ ақпаратты алғашқы өңдеу бойынша жұмыс. "Жедел өлшеулер" және орташа айлық және орташа жылдық мәндерді есептеу келесі операциялардан тұрады:

жедел өлшеулерді ДБ енгізу, өңделетін төтелдерді таңдау;

есептеу параметрлерін таңдау (деңгей, температура, шығын);

белгіленген төтелдер бойынша орташа айлық және орташа жылдық базаларын қалыптастыру;

архив базасына ақпаратты жүктеу.

2–параграф. "Ортаайлық және ортажылдық мәліметтер" деректер базасын қалыптастыру (деңгей, температура, шығын)

195. "Орташа айлық және орташа жылдық мәндер" (деңгей, температура, шығын) ДБ қалыптастыруға кететін еңбек шығынының мөлшерлері 31 қосымшаның 51 кестесінде келтірілген.

3–параграф. Тәртіптік бақылаулар бойынша "Жылдық" есептік үлгілерін қалыптастыру

196. Тәртіптік бақылаулар бойынша "Жылдық" есептік үлгілерін қалыптастыру келесі параметрлер бойынша жүзеге асырылады:

деңгей;

температура;

шығын.

197. Осы жұмыстарды орындау технологиясы:

өңделіп жатқан объектілердің тізімін қалыптастыру;

есеп беруді қалыптастыру күнін анықтау;

мезгілдік сипаттамаларды қалыптастыру (өзгерту) ("Жылдық" үлгілері үшін);

есептілік үлгісінің атауын таңдау;

есептілік үлгісінің деректерін қарау және редакциялау;

баспаға шығару.

198. "Орташа айлық және орташа жылдық мәндер" (деңгей, температура, шығын) ДБ қалыптастыруға кететін еңбек шығынының мөлшерлері уақыт нормаларының 31 қосымшасының 52 кестесінде келтірілген.

4–параграф. Тәртіптік бақылаулар деректерін графикалық өңдеу (деңгей, температура, шығын мәндерінің жедел, орташа айлық, орташа жылдық мәндері)

Тәртіптік деректер – жедел өлшеулер (деңгейлер, температура, шығын)

199. Осы тапсырманы шешу үшін келесі операциялар орындалады:

өңдеу үшін ББ тізімдерін қалыптастыру;

жедел өлшеулер графиктерін тұрғызу үшін жұмыс кестелерін қалыптастыру (таңдау);

жұмыс кестелерінің деректері (таңдаулары) бойынша жедел өлшеулер графигін қарау және тұрғызу;

график және кестені баспаға шығару.

5–параграф. Тәртіптік деректер – орташа айлық, орташа жылдық өлшеулер (деңгейлер, температура, шығын, электрөткізгіштік, мұнай өнімдері)

200. Осы тапсырманы шешу үшін келесі операциялар орындалады:

өңдеу үшін ББ тізімін қалыптастыру;

жер асты сулары деңгейлерінің орташа айлық, орташа жылдық (минималды, максималды) графиктерін тұрғызу үшін жұмыс кестелерін қалыптастыру (таңдау);

жұмыс кестелерінің деректері (таңдаулары) бойынша графиктерді тұрғызу және өңдеу;

графикті және кестені баспаға шығару.

201. Жер асты сулары деңгейінің, температурасының, шығынының жедел, орташа айлық және орташа жылдық мәндерін графикалық өңдеуге кететін еңбек шығынының мөлшерлері уақыт мөлшерінің 31 қосымшасының 53 кестесінде келтірілген.

6–параграф. Жер асты суларының қамтылу есебі және деңгейлер болжамының тапсырыс шешімдері

202. Осы тапсырысты шешу технологиясы келесідей:

1. "Орташа айлық және орташа жылдық мәндер" ДҚ. Болжамды есептеу үшін төтелдерді белгілеу.

2. Болжам периодын таңдау.

3. Жер асты сулары деңгейінің болжам тапсырмаларын шешу.

Ескерту: Болжам есебі бір төтел бойынша орындалады.

4. Нәтиже кестелерін баспаға шығару.

5. Нәтиже графиктерін баспаға шығару.

Ескерту:

1. Болжамдық тапсырысты шешу мөлшерлері "Орташа айлық және орташа жылдық мөлшерлер" қалыптасып болғаннан кейін ДБ ескерумен құрастырады.

2. Еңбек шығындарының мөлшерлері 12 ай алдында 20–жылдық бақылау қатарында 1 болжамға есептелген.

203. Жер асты суларының қамтылу есебін және деңгейін болжау тапсырмаларын шешуге кететін еңбек шығындарының мөлшерлері уақыт нормаларының 32 қосымшасының 54 кестесінде келтірілген.

7–параграф. Бақылау бекеттері бойынша атрибуттық деректерді өңдеу

204. Атрибутивті деректерге келесі параметрлер жатады:

техникалық жағдайы;

деңгейдің және температураның өзгеру амплитудалары;

статикалық деңгейлер;

гидродинамикалық параметрлер;

сутасымалдағыш көкжиектер.

205. Осы тапсырманы шешу технологиясы келесідей:

Өңдеу үшін ББ тізімін қалыптастыру;

таңдауды қалыптастыру;

таңдауды қарау және өңдеу;

жұмыс кестелерін өңдеу (Word, Excel және т.б.).

206. Бақылау бекеттері бойынша атрибуттық деректерді өңдеуге кететін еңбек шығыны бойынша мөлшерлері 33 қосымшаның 55 кестесінде келтірілген.

8–параграф. "Гидрохимия" жүйе астының деректер қорындағы ақпаратты өңдеу

Жер асты суларының сапасы бойынша "Жылдық" есеп берулерді қалыптастыру

207. Есеп берулер төтелдер және сутасымалдағыш көкжиектер бойынша қалыптасады. Есептіліктерді қалыптастыру үшін келесі операциялар орындалады :

өңделетін объектілер тізімін қалыптастыру (ББ);

есептілікті қалыптастыру күнін енгізу;

есептілікті қалыптастыру;

33 химиялық талдаулар деректерін салыстыру;

есептілік деректерін қарау және редакциялау.

208. Жер асты суларының сапасы бойынша жылдық есептілікті қалыптастыру үшін еңбек шығындарының мөлшерлері уақыт нормаларының 34 қосымшасының 56 кестесінде келтірілген.

